



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz



СЫНДАРЛЫ ДИАЛОГ – НАҒЫЗ ДАНАЛЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезінің жабылуында сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы бірнеше күннен бері елордада түрлі мәдениет пен өркениет өкілдері бас қосып жатқанын айтты.

— Меймандарымыздың діні мен ділі бөлек болса да, тілегі мен ниеті бір екені сөзсіз. Съездің қорытынды Декларациясы — соның айқын дәлелі. Құжатта ортақ идеялар мен ұсыныстар көрініс тапты. Жалпы, форумның түпкі мәні де — осы. Біз құрмет пен сыйластыққа негізделген сындарлы диалогтың куәсі болдық. Ең бастысы, дінбасылар ортақ мүдде жолында күш біріктіруге дайын екенін көрсетті, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, шын мәнінде, салмақты және сындарлы диалог — нағыз даналықтың көрінісі.

— Сіздер бүкіл әлемге көрегендік пен парасаттылықтың үлгісін көрсетіп отырсыздар. Геосаяси тұрақсыздық белең алған күрделі кезде мұның мән-маңызы айрықша. Форум бүгінде діндер мен мәдениеттер арасындағы ықпалдастықты дамытудың, барша адамзаттың жарқын болашағы үшін ынтымақтастықты нығайтудың қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Пленарлық және секциялық отырыстарда, діни орындар мен нышандарды қорғау бойынша арнайы сессияларда, сарапшылар дөңгелек үстелінде және жас діни көшбасшылар форумында көптеген құнды идея мен ұсыныс айтылды. Сіздер деструктивті ағымдар мен зорлық-зомбылықты қатаң айыптап, қазіргі дағдарыстарды реттеу мүмкіндіктерін қарастырдыңыздар, әлеуметтік теңсіздікті еңсеру мен инклюзивті қоғам құру жолдарын талқыладыңыздар. Экология, орнықты даму, жаңа технологиялар мен жасанды интеллектінің адам өміріне әсері мәселелеріне ерекше

мән берілді. Съездің ашылуында сөйлеген сөзімде діни дипломатияның халықаралық аренадағы диалог пен сенімді нығайтуда маңызды рөл атқаратынын айтқан едім. Сіздердің де бұл ұстаныммен келісетіндеріңіз қуантады, — деді Мемлекет басшысы.

Президент жаһанда түбегейлі өзгерістер орын алып жатқан кезеңде дін көшбасшылары барша халыққа адамгершілік қасиеттер мен гуманистік құндылықтардың шамшырағы болуға тиіс деп санайды.

— Екі күн ішінде сіздер съезд жұмысының басты бағыттары мен келешек күн тәртібі туралы ортақ ұйғарымға келдіңіздер. Ол бірлескен қорытынды Декларацияда көрініс табады. Барлық форум қатысушыларын, сондай-ақ Ізгі ниет елшілерін осы Декларацияның идеяларын белсенді насихаттауға шақырамын. Сіздердің климат өзгерістерімен күрестегі дін басшыларының рөлі туралы құжат әзірлеу, сондай-ақ дін және гуманизм тұрғысынан жасанды интеллектіні жауапкершілікпен пайдаланудың жалпыға бірдей қағидаттарын қалыптастыру туралы съезд Хатшылығына берген ұсынымдарыңызды толық қолдаймын. БҰҰ Өркениеттер альянсының сессиясын айрықша атап өткім келеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы тарихи ескерткіштерді, мәдени әралуандықты және адамзаттың рухани мұрасын сақтау үшін діни нысандарды қорғау өте өзекті екенін жеткізді.

— Қазақстанда мұндай іс-шараларды өткізу Орталық Азия аймағында аталған мәселе үлкен маңызға ие екенін көрсетеді. Жас діни көшбасшылар форумы өскелең ұрпақтың сабақтастықты

сақтауға, диалог пен өзара түсіністік жолын жалғауға ұмтылатынын байқатты. Яғни, әлемнің келешегі бар деген сөз. Сарапшылардың дөңгелек үстелі рухани дипломатияның әлеуетін кеңінен түсінуде ғылым мен діни ілім синергиясы маңызды екенін танытты. Бұл бағытты халықаралық ынтымақтастықтың құрамдас бөлігі ретінде күшейту қажет деп санаймын. Съезде дін көшбасшыларының бейбіт қатар өмір сүруге шақырып, бейтарап, саяси реңк бермей, ортақ үн қату идеясы талқыланды. Осы арқылы жаңа, анағұрлым орнықты әрі әділ әлемдік тәртіпті қалыптастыруға елеулі үлес қосуға болады, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан барлық деңгейдегі дінаралық және мәдениетаралық диалогты толық қолдайтынын және съездің жаһандық пікірталас алаңы ретінде ықпалын арттыруға тырысатынын атап өтті.

— Біз съезд Хатшылығының БҰҰ институттарымен және басқа да құрылымдармен серіктестік желісін кеңейтуді жалғастырамыз. Съезд идеяларын ілгерілету үшін бірқатар іс-шара ұйымдастырылады. Оған халықаралық серіктестеріміз, жастар, сарапшылар, волонтерлік ұйымдар қатысады. Бейбітшілік — ең басты байлығымыз. Бұл — барша елдерге, халықтар мен діндерге ортақ аса маңызды құндылық. Шын мәнінде, татулық пен тұрақтылық баянды болашақтың мызғымас кепілі саналады. Сіздер осы жолда аянбай еңбек етіп жүрсіздер. Бүгінгі басқосуды соның жарқын көрінісі болды деуге болады. Бір сөзбен айтқанда, съезд табысты өтті. Баршаңызға зор алғысымды айтамын. Игі мақсат жолындағы ынтымағымыз одан әрі нығаю береді деп ойлаймын, — деді Президент.

ПРЕЗИДЕНТ БОКСШЫЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бокстан Әлем чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсіміне қатысты. Алдымен Президент Қазақстан ұлттық құрамасының мүшелерін Әлем чемпионатындағы тамаша жеңісімен құттықтап, бұл еліміз үшін тарихи оқиға, халқымыз үшін үлкен қуаныш екенін атап өтті.



— Қазақстан 68 мемлекеттің арасынан үздік шығып, бірінші орынға ие болды. Әлемдік бәсекеде Әнұранымыз жеті рет шырқалды, Көк туымыз жеті рет желбіреді. Барша жұртымыз сіздерге тілеулес болды. Әрине, кілең мықтылар жиналған жаһандық аламанда топ жару оңай емес. Бұл жетістік жылдар бойғы табанды еңбекпен, маңдай термен келгені анық. Біздің ұл-қыздарымыз бокстың отанына барып, өздерінің нағыз мықты спортшы екенін дәлелдеді. Санжар Тәшкенбай және Махмұд Сабырхан әлемнің екі дүркін чемпионы атанды. Төрехан Сабырхан мен Айбек Оралбайдың ерекше өнеріне жаһан жұрты тәнті болды. Боксшы қыздарымыз әлемдік жарыста шеберліктің озық үлгісін көрсетті. Алуа Балқыбекова, Аида Әбікеева және Наталья Богданова алтын медаль алып, жеңіс тұғы-

рына көтерілді. Назым Қытайбай шаршы алаңға бірінші болып шығып, елімізге ақжолтай жүлде әкелді. Виктория Графеева және Елдана Тәліпова қола медаль жеңіп алды. Мен баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Қайрат Сәтжанов, Елдос Сайдалиев бастаған бапкерлерге және басқа да мамандарға зор алғыс айтамын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Туризм және спорт министрлігі мен Ұлттық Олимпиада комитеті көп жұмыс атқарғанына тоқталып, Қазақстан Бокс федерациясының еңбегін ерекше атап өтті. Президенттің айтуынша, World Boxing аясында алғаш рет өткен Әлем чемпионатындағы нәтиже — Ұлттық құраманың бірлескен жұмысының жемісі. Боксшылар, бапкерлер, менеджерлер, спорт дәрігерлері мен басшылар бірігіп, бүгінгі жетістікке жетті.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН НЬЮ-ЙОРККЕ БАРАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 21-23 қыркүйек күндері Нью-Йорк қаласына жұмыс сапарымен барады.

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясына қатысып, бірқатар мемлекеттің және халықаралық ұйымдардың басшыларымен келіссөз жүргізеді.

Сапар аясында АҚШ-тың ірі бизнес өкілдерімен дөңгелек үстел ұйымдастырылады. Сондай-ақ әлемдік жетекші компаниялардың басшыларымен кездесу жоспарланып отыр.

ЕРБОЛАТ ДОСАЕВ ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Мемлекет басшысының жарлығымен Ерболат Досаев Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі басшысының орынбасары лауазымына тағайындалды.

САЯСАТ

20 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

БІРЛІК пен БЕЙБІТШІЛІК БАСТАУЫ



Астанада БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – БҰҰ Өркениеттер Альянсының Жоғары өкілі Мигель Анхель Моратинос пен Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Діни нысандарды қорғау жөніндегі арнайы сессияға қатысты. Іс-шара Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі аясында алғаш рет ұйымдастырылды.

Сенат Спикері, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев арнайы сессияға қатысушыларға ілтипат білдіріп, Альянс бүкіл адамзат үшін халықтар, мәдениеттер және діндер арасындағы диалогты жолға қоюда маңызды миссия атқарып келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ ұйым 20 жыл ішінде экстремизмнің алдын алуға, діни кемсітушілікке қарсы күреске және бейбітшілік мәдениетін қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосқанына баса мән берілді.

«Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Қазақстан халқы түрлі өркениеттер мен діндердің дәстүрін, төзімділік пен ашықтық қасиеттерін қабылдады. Сондықтан «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидаты еліміздің негізгі ұстанымына айналды. Біздің жерімізде ғасырлар бойы әртүрлі діни ғибадатханалар мен рухани нысандар бейбіт жағдайда қызмет көрсетіп келгені тарихтан белгілі. Киелі орындардың барлығы біздің халықтарымыздың тарихында маңызды орын алады. Оның бәрі біздің баға жетпес рухани-мәдени мұрамыз. Сондықтан оларды сақтауға және қорғауға әрдайым баса мән береміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат Төрағасы өз сөзінде Қазақстан БҰҰ Бас Ассамблеясының 2023 жылғы Конфессия-аралық диалог және өшпенділік тіліне қарсы іс-қимыл туралы қарарын, сондай-ақ БҰҰ-ның Діни нысандарды қорғау жөніндегі іс-қимыл жоспарын қолдайтынын атап өтті.

БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – БҰҰ Өркениеттер Альянсының Жоғары өкілі Мигель Анхель Моратинос Қазақстанның жаһандық деңгейде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жолындағы батыл қадамдарын жоғары бағалады. Сондай-ақ ол бұл бағыттағы бірлескен бастамаларды іске асыруға, қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді. Арнайы сессияда Мигель Анхель Моратиностың басшылығымен әзірленген БҰҰ-ның Діни нысандарды қорғау жөніндегі іс-қимыл жоспары таныстырылды.

Сонымен қатар бүгін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев бірқатар екіжақты кездесу өткізді. БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – БҰҰ Өркениеттер Альянсының Жоғары өкілі Мигель Анхель Моратинос пен кездесуде негізгі бағыттар бойынша, атап айтқанда, дінаралық келісім мен өркениеттердің жаһандық диалогын нығайту жолындағы күш-жігерді үйлестіруге арналған өзара іс-қимыл перспективалары талқыланды. Олар – білім беру, жастарды дамыту, көші-қон, әйелдердің рөлі және БАҚ-қа қатысты проблемаларды еңсеру бойынша бірлескен жұмыстар.

Ал Мәскеу және Бүкіл Русь Патриархы Кириллмен кездесуде ынтымақтастықтың болашағы, оның ішінде халықаралық шиеленіс жағдайында рухани дипломатияны дамыту және әлемдік деңгейде дінаралық диалогты одан әрі ілгерілету тетіктері әңгімеге арқау болды.

Сессия барысында сөз сөйлеген мәртебелі меймандар Қазақстанның түрлі діндер өкілдерінің толеранттылығын және бейбіт қатар өмір сүруін дәріптеу, сондай-ақ құндылықтардың дұрыс жүйесін қалыптастыру бағытындағы бастамаларына ризашылықтарын білдірді.

Съезд аясында «Бейбіт өмір – жастар тандауы: болашақ жолындағы синергия» ұранымен Жас діни лидерлердің II форумы өтті. Оған жас діни көшбасшылармен қатар әлем бойынша іргелі жастар қозғалыстарының өкілдері, ғалымдар, белсенділер, орнықты даму, ақпараттық технология, мәдениет және коммуникация салаларының сарапшылары қатысты. Іс-шарада қазір өзекті проблемаларды шешу жолдары талқыланды.

Форумды ашқан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев бытырғы I Форум жас буынның адамзатты алаңдатқан жаһандық түйткілдерді шешуге қатысуы қаншалықты маңызды екенін айқын көрсетіп бергенін айтты.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, қиын кезеңдерде біз қабырға емес, көпірлер салуымыз керек. Бұл – біздің халқымыздың саналы тандауы. Қазір біз бұрын-соңды болмаған қайшылықтардың күрделі дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Осы орайда ХХІ ғасырдағы ең күрделі түйткілдерді еңсеруде сіздерге, яғни жас көшбасшыларға үлкен жауапкершілік жүктеледі», – деді Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының басшысы.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев «Діндер диалогы: болашақ жолындағы синергия» тақырыбына арналған VIII съезд аясында қатысушылармен екіжақты кездесулер өткізді.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық қауіпсіздіктің берік жүйесін қалыптастыру мәселесіне әрдайым баса мән береді. Қазір әлем геосаяси шиеленістермен, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және климаттық қиындықтармен, сондай-ақ басқа да сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Сондықтан жаһандық сын-қатерлерді еңсеру үшін дін көшбасшыларының жасампаз рөлі айрықша мәнге ие және осы жолда күш біріктірудің маңызы зор», – деді съезд Хатшылығының басшысы.

Қасиетті Иерусалимнің және бүкіл Палестинаның, Арабияның, Сирияның аса қасиетті Патриархы III Феофилмен кездесуде съезд Хатшылығы мен Иерусалим Патриархаты арасындағы іс-қимылды арттыру мәселесі сөз болды.

Ал Бас Ашкенази раввині Кальман Бермен және Бас Сефард раввині Дэвид Йосефпен сұхбат кезінде Мәулен Әшімбаев Қазақстан олардың әлемде конфессия-аралық және дінаралық диалогты дамытуға арналған съезге белсенді қатысуын жоғары бағалайтынын айтты.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев Ватиканның Қасиетті тағының Дінаралық диалог бойынша дикастерия префектісі Кардинал Джордж Джейкоб Кувакпен кездесіп, Рим Папасы Францисктің 2022 жылғы тарихи сапарына және оның ислам мен христиан әлемін жақындастыруға қосқан үлесіне ерекше тоқталды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезіне қатысушылар Бейбітшілік және келісім саябағын ашты. Салтанатты шараға VIII съезд делегаттарымен бірге Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев қатысты. Хатшылық басшысы мәртебелі меймандарға ілтипат білдіре келіп, Бейбітшілік және келісім саябағының негізін 2022 жылы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне қатысушылар қалағанын айтты.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ
ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН
ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Жалпы отырыста депутаттарға «Жасанды интеллект туралы» заң жобасын ілесіп түзетулерімен екінші оқылымда қарау ұсынылады. Мәжіліс депутаттары бастама көтерген құжаттар жасанды интеллект технологияларын қолдануға бірыңғай құқықтық негіз құруға бағытталған. Олар тұтынушылардың және дербес деректердің құқықтарын қорғауды қарастырады, сондай-ақ жасанды интеллектті қолдануға байланысты құқықбұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікті белгілейді. Заңның қабылдануы Мемлекет басшысының Жолдауын іс жүзінде жүзеге асырудағы маңызды қадам болмақ.

Сонымен қатар депутаттардың талқылауына Қазақстан мен Марокко арасындағы ұстап беру, сотталған адамдарды беру және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімдер енгізілді. Келісімдер екі мемлекеттің құзырлы органдарының экстрадиция, сот үкімдерін орындау және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастығын дамытуға бағытталған.

Жалпы отырыста қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау халықаралық орталығын құру туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын қарау ұсынылады. Орталық халықаралық ақпараттық жүйе ретінде жұмыс істейді, ол ТМД елдерінің қаржылық барлау бөлімшелерін анықталған қауіп-қатерлерге уақтылы әрекет ету үшін біріктіреді. Сондай-ақ елдерге трансшекаралық тәуекелдерді талдауға, статистикалық деректермен алмасуға, оларды төмендету бойынша ұсынымдар әзірлеуге және ФАТФ халықаралық стандарттарына сәйкес тәсілдерді үйлестіруге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ жалпы отырыс барысында Мәжіліс комитеттері жаңа заң жобаларын жұмысқа алады. Олар: Конституциялық Сот шешімдерін орындау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, Қылмыстық-процестік кодекс пен Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне толықтырулар енгізу, сондай-ақ Қазақстан мен Моңғолия үкіметтері арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бар.

САЛЫҚТЫҚ ӘЛЕУЕТТІ
АНЫҚТАЙДЫ

Қаржы министрлігі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жаңа цифрлық жобаларды әзірледі. Жоба Электронды қаржы орталығында таныстырылған. Соның ішінде, Қазақстанның 20 млн тұрғыны туралы деректер базасы бар.

Жобалардың бірі – Smart Data Finance жүйесі. 70-тен астам дереккөз бен база мәліметтерін біріктірген жүйе іске қосылды. Бұл жүйе әрбір салық төлеушінің цифрлық құжатын жасайды. Ол құжатта мүлік, бизнес, салықтар, мемлекеттік сатып алуларға қатысу, қолдау шаралары және кадрлық көрсеткіштер туралы ақпарат бар.

Бұған дейін 1,9 млн жеке кәсіпкерге, 584 мың заңды тұлғаға, 20,4 млн азаматқа құжаттама жасалған. Министрліктің мәліметінше, осы деректер негізінде салық автоматты түрде есептеліп, уақытылы төленуі қадағаланады. Сондай-ақ бюд-

жет кірістерін болжау, салалар мен өңірлердің салықтық әлеуетін анықтау мүмкіндігі бар.



БАҒДАР

20 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

ЕЛДІҢ БАСТЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Қазақстан цифрландыру саласында айтарлықтай жетістікке жетті. Бүгінде мемлекеттік қызметтердің 92 пайызы онлайн форматта қолжетімді, биометриялық сәйкестендіру, QR-мен қол қою сервисі енгізілді, Орталық Азиядағы алғашқы суперкомпьютер іске қосылды.

Жақын күндері Alem.AI жасанды интеллектінің Ұлттық орталығы ашылады. Алайда цифрлық сауаттылықтың төмендігі, интернет сапасы және онлайн-алаяқтықтың көбеюі негізгі мәселелердің қатарында қалып отыр. Осы түйткілдер мен жана мүмкіндіктер «AMANAT» партиясының Қоғамдық саясат институты ұйымдастырған TALQYLAU алаңында қаралды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында алдағы үш жылда Қазақстанды толыққанды цифрлық мемлекетке айналдыру міндетін қойды. Бұл бағыттағы нақты қадамдар жөнінде депутаттар, мемлекеттік органдардың өкілдері, IT-сектор, ғылыми қауымдастық және ҰЕҰ өкілдері TALQYLAU алаңында пікір алмасты.

Негізгі спикерлер қатарында Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Дмитрий Мун,

Astana Hub бас директоры Мағжан Мәдиев, Kazdream ЖШС бас директоры Дәурен Төлебаев болды. Іс-шараның модераторы — Astana Open Dialogue аналитикалық платформасының тең құрылтайшысы Александр Данилов.

Қазір Парламентте «Жасанды интеллект туралы» заң жобасы қаралуда. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Екатерина Смышляева цифрландыруды тиімді іске асыру үшін нарық пен қоғамның белсенді қатысуы қажет екенін айтты. Оның сөзінше, осы мүдделерді үйлестіретін негізгі тетік — заңнама. Депутат өз сөзінде «AMANAT» партиясы өкілдері елімізде цифрлық экожүйені қалыптастыруға тікелей атсалысып отырғанын да еске салды: биометрияны енгізу, деректерді жинауға келісім беру тәртібі, операторлардың қызметін реттеу және оларды пайдалану үшін жауапкершілікті заң жүзінде бекіту жұмыстары жүргізілді. Бұл

шаралардың бәрі Қазақстанда жасанды интеллектті дамытуға берік негіз қалап отыр.

«Қазір Мәжілісте екінші оқылымға дайындалып жатқан бұл заң кейінгі жылдардағы ең күрделі құжаттардың бірі саналады. Ең басты қиындық — даму мен қауіпсіздік арасындағы тепе-теңдікті сақтау. Талаптар тым қатаң болса, ол азаматтардың құқықтары мен мүдделеріне әсер етуі мүмкін, ал тым жеңіл болса, бизнестің дамуын тежейді. Бұл заңның нәтижесі тікелей халыққа әсер етпек: егер экономика артта қалса, олардың тұрмыс деңгейі де төмендейді. Сонда азаматтар «артық шектеулерсіз дамыған цифрлық қоғамда өмір сүргеніміз жөн еді» деуі ықтимал. Сондықтан біздің негізгі міндетіміз — осы тепе-теңдікті табу. Заң жобасының басты мақсаты да — дәл осы», — деді Екатерина Смышляева.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Дмитрий Мун қазір азаматтардың көбі онлайн-қызметтерді белсенді пайдаланатынын, алайда цифрлық сауаттылық пен интернет сапасына байланысты қиындықтар әлі де бар екенін жасырмады. Оның сөзінше, ведомствоның міндеті — жасанды интеллект көмегімен осы кедергілерді азайтып, мемлекеттік қызметтерді алу жолдарын қолжетімді ету. Ол сондай-ақ жасанды интеллекттің ұлттық инфрақұрылымын құру жоспарлары туралы айтты. Суперкомпьютерден бастап, Smart Data Ukimet деректер базасы мен мемлекеттік органдарға цифрлық ассистенттер әзірлеуге мүмкіндік беретін ұлттық платформаның енгізілетінін атап өтті. Бұл болашақта бюрократияны айтарлықтай қысқартып, мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттырады.

«Мемлекеттік қызметтерді түсіну, оларды пайдалану әлі де оңай емес. Азаматтар жасына, цифрлық сауаттылық деңгейіне немесе интернет сапасына қарамастан, кейде қажетті қызметке қол жеткізе алмай қалуы мүмкін. Біздің мақсатымыз — осы кедергілерді бөрінен асайту. Жасанды ин-

теллектің көмегімен электронды үкімет құралдары қарапайым азаматтар мен бизнеске мемлекеттік қызметтерді тез әрі ыңғайлы ұсынуға мүмкіндік беруге тиіс», — деді ол.

Astana Hub бас директоры Мағжан Мәдиев стартаптардың әлеуетін ерекше атап өтті. Бастапқыда сенімсіздік тудырған стартаптар бүгінде өз тиімділігін дәлелдеп, кейінгі 5 жылда IT-экспорт көлемін 20 есеге арттырды. Егер 2020 жылы IT-экспорт 50 млн доллардан аспаса, қазір бұл көрсеткіш 1 млрд долларға жуықтады.

Kazdream ЖШС бас директоры Дәурен Төлебаев жасанды интеллектің практикалық қолдану мысалдарын келтірді. Ол телефон алаяқтарымен күресуден бастап, медициналық сақтандыру жүйесіндегі қаржылық занбұзушылықтарды анықтауға дейін технологияның тиімділігі жөнінде сөз қозғады. Оның айтуынша, мұндай шешімдер заңсыз әрекеттердің алдын алуға мүмкіндік береді. Мәселен, МӘМС жүйесінде бір жыл ішінде 2,5 млрд теңге көлемінде алаяқтық әрекеттер анықталған.

Талқылауды қорытындылай келе, Astana Open Dialogue тең құрылтайшысы Александр Данилов цифрлық дамудың қазір басты тақырыпқа айналғанын жеткізді. Оның айтуынша, салалық министрлік елдегі өзгерістердің негізгі қозғаушы күшіне айналып отыр. Сонымен қатар қазақстандық қоғамда цифрлық оптимизмнің деңгейі жоғары екенін, халық ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуын оң қабылдайтынын айтты.

Жалпы, сарапшылар Президент Жолдауын жүзеге асырудың нақты жолдарын және Қазақстанның жасанды интеллект дәуіріндегі мақсаттарына қол жеткізу тетіктерін талқылады. TALQYLAU форматы мемлекет, бизнес пен қоғамның күшін біріктіріп, ашық пікір алмасуға мүмкіндік жасап, Әділетті Қазақстанның цифрлық болашағына бірге қадам басудың маңыздылығын көрсетті.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ НЫҒАЙТУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында қоғамда тазалықты сақтау және табиғатты аялау мәдениеті орнығуға тиіс екенін атап өтті. Бұл ретте, жүздеген мың қазақстандықты ортақ іс төңірегінде топтастыратын «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы ерекше маңызға ие. Оның аясында «AMANAT» партиясы апта сайын ел аумағында игі дәстүрге айналған «Таза бейсенбі» акциясын өткізіп келеді.

Мәселен, Жезқазған қаласында Kazakhmys корпорациясы жанындағы бастауыш партия ұйымының мүшелері Кенгір су қоймасының жағалауын қоқыстан тазартты. Былтырдың өзінде партияластардың күшімен өңірде 1,5 мың тоннадан астам қоқыс жиналды. Ал бүгін акцияға қатысушылар 20 қаптан астам қоқыс шығарды.

«Кенгір су қоймасы — өңір тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орны. Бүгінде тазалық мәдениеті нығайып келе жатқанын көріп отырмыз: қоқыс азайып, адамдардың жауапкершілігі артып келеді», — деді

«AMANAT» партиясы Ұлытау облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ерлан Мырзабеков.

Елордада «Таза бейсенбі» акциясына 40 адам қатысты. Олардың арасында партия мүшелері, «Жастар Рухының» белсенділері және қоршаған ортаға бей-жай қарамайтын астаналықтар болды. Олар мамандандырылған балалар үйінің айналасын ретке келтірді, қураған жапырақтарды тазалады, аязға осал өсімдіктерді орады.

Жамбыл облысында акцияға жүзден астам адам атсалысты. Олардың қатарында мәслихат депутаттары, партия мүшелері және



«Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері болды. Олар Байзақ ауданын қоқыстан тазалады. Яғни, «Байзақ ауданына 80 жыл» саябағын және Сарыкемер, Түймекент ауылдары арасындағы автожол бойын тұрмыстық қалдықтардан тазартты.

Жетісу облысында партия мүшелері Қарабұлақ ауылы маңындағы «Өмірбұлақ» ескерткішін ретке келтірді. Жалпы алғанда,

іргелес аумақта шамамен 2 тонна қоқыс жиналды.

«Таза бейсенбі» — тазалық сақтау ғана емес, сонымен қатар экологиялық тәрбиенің маңызды құралы. Мұндай бастамалар қоғамның табиғатқа деген көзқарасын өзгертеді және болашақ ұрпаққа таза қоршаған ортаны аманат

ретінде қалдыру идеясын орнықтырады», — деді «AMANAT» партиясы Ескелді аудандық филиалының төрағасы Азамат Саскебаев.

Атырау облысында «Таза бейсенбі» акциясы Құрманғазы ауылында қолға алынды. Акцияға қатысушы 30-дан астам азамат жергілікті демалыс орнын және партия филиалының ғимаратына іргелес аумақты абаттандырды. Жыл басынан бері ауданда акция 19 рет өткізіліп, оған мыңнан астам тұрғын қатысты. Нәтижесінде, 10 тоннадан астам қоқыс жиналып, 500-ге жуық қошқар отырғызылды.

Жалпы, «Таза бейсенбі» акциясы еліміздің өзге өңірлерінде де өткізілді. Былтыр маусым айында бастау алған акция аясында 1000-нан астам ластанған учаске тазаланып, абаттандырылды. Жалпы, акцияға 90 мыңға жуық адам қатысып, 160 мың тоннадан астам қоқыс жиналды.

Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

20 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Қай кезеңде болмасын елдің тарихи жадын жинақтап, әрбір азаматтың құқықтары мен мүдделерін қорғауда маңызды рөл атқаратын стратегиялық сала архив болатын. Жыл басындағы көрсеткіштерге сәйкес, мемлекеттік архивтерде сақталған құжаттар көлемі өткен жылмен салыстырғанда 298 мыңға артқан. Дегенмен бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 59%-ға аз. Осы көрсеткіштің өзінен-ақ еліміздегі архив жүйесінде шешімін күткен мәселелер аз емес екенін көреміз. Құжаттардың уақытылы тапсырылмауы, кейбір ұйымдардың оларды мүлде жоюы, жаңа архивтердің салынбауы және архив қызметкерлерінің мәртебесінің төмендеуі – саланың дамуын тежеп отырған басты факторлар. Бүгінгі сұхбатымызда біз архив ісінің ел дамуы үшін маңызы, заңнамалық олқылықтар және оларды жою жолдары, сондай-ақ цифрлық архивке көшудің артықшылықтары туралы әңгімелесеміз. AIQYN-ның «Мәжіліс мінберінде» – Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Болатбек Нажметдинұлы.

Болатбек НАЖМЕТДИНҰЛЫ,
Мәжіліс депутаты,
«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:



АРХИВТІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ – ТАРИХИ ШЫНДЫҚТЫ САҚТАУ

– Архив ісі стратегиялық сала екені белгілі. Бүгінде отандық архивтердің ел дамуы үшін маңызын қалай бағалар едіңіз?

– Мен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары болып жұмыс істеген кезде архив мәселелеріне тереңірек бойлап, бұл саланың ел үшін де, әрбір азамат үшін де маңыздылығын іс жүзінде танып-білуге мүмкіндік алдым.

Бір сөзбен айтқанда, архивтердің басты міндеті – мемлекеттің және халықтың тағдырына әсер еткен маңызды оқиғаларға қатысты нақты деректерді қамтитын түпнұсқа құжаттарды сақтай отырып, тарихи шындықты сақтау. Дәл осы архивтік құжаттар еліміздің шынайы жылнамасын жүргізеді, белгілі бір салада немесе белгілі бір тұлғамен байланысты оқиғаларды нақты қалпына келтіруге, оның шешім қабылдау барысындағы рөлін анық көруге мүмкіндік береді. Тарихында «ақтандақтары» аз емес біздің ел үшін мұның ерекше құндылығы барын көпшілік жақсы түсінеді деп ойлаймын.

Осы тұста архивтердің сағат секілді дәл жұмыс істеуі аса маңызды. Мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалар белгілі бір заңмен бекітілген тізімге сәйкес құжаттарын тұрақты әрі уақытылы өткізіп отыратын бірыңғай жүйе болуы керек. Мұнда үзілістерге де, бұрмалаушылыққа да жол берілмеуі қажет.

Сондықтан архивтерді кез келген мемлекет үшін стратегиялық сала деп нық айтуға болады. Көптеген елдерде архивтердің мәртебесі өте жоғары. Мысалы, көршілес Ресейде Федералдық архив агенттігі Ресей Федерациясы Президентінің қарамағында жұмыс істейді, Әзербайжанда Ұлттық архив басқармасы Министрлер кабинеті жанында, ал Тәжікстанда Мемлекеттік архив басқармасы Үкімет жанында қызмет етеді. Мұндай мәртебе құжаттарды жинау мен сақтауды ең жоғары деңгейде қатаң үйлестіруге мүмкіндік береді.

Бұл жерде кеңестік кезеңді еске ала кеткім келеді. Ол кезде архивтер өте жүйелі жұмыс істеді. Сол себепті арада ондаған жыл өтсе де қажетті құжаттарды оңай табуға болатын. Тәуелсіздік алғаннан кейін, өкінішке қарай, біз бұл тәжірибеден айы-

рылып қала бастадық. Жаңа архивтер салуды да, барларын жаңғыртуды да доғардық, архив қызметкерлерінің жалақысы біртіндеп төмендеді, ал мамандықтың тартымдылығы кеми берді.

Сонымен қатар құжаттарын архивке тапсыруға міндетті мемлекеттік органдар мен түрлі ұйымдар бұл міндетін орындамай қойды. Ал салалық мемлекеттік органдардың оларды мәжбүрлейтін құқықтық тетіктері болмады. Оның үстіне, мұнда кейбір тараптардың өз мүддесі болды. Егер уақыт өте құжаттар жоғалса, шешімдердің қалай

Әрине, бұған жүгінгіміз келмейді, бірақ мүмкін, құжаттарды архивке уақытылы әрі толық өткізбегені немесе оларды жойғаны үшін лауазымды тұлғалар мен заңды тұлғалардың басшыларына айыппұл енгізу керек шығар.

Мемлекеттік архивтердің ұйымдардың жұмысын қашықтан бақылауға мүмкіндік беретін құралдары болуға тиіс. Сонда қай құжаттардың, қашан түсуі қажет екенін анық түсінуге болады. Ол үшін жасанды интеллект элементтері бар цифрлық шешімдерді енгізу қажет болуы мүмкін.

Жаңа архивтер салуды да, барларын жаңғыртуды да доғардық, архив қызметкерлерінің жалақысы біртіндеп төмендеді, ал мамандықтың тартымдылығы кеми берді.

қабылданғанын, кім қол қойғанын, қаржы-ның қайда жұмсалғанын анықтау қиынға соғады. Мұндай «бұлыңғыр жағдай» біреулерге пайда табуға ыңғайлы болатыны түсінікті.

Сондықтан егер ертеңгі күні тарихымызды ешқандай қоспасыз, бұрмалаусыз сақтап қалғымыз келсе, архив саласындағы жүйелі проблемаларды шұғыл шешуіміз керек. Жакында Мәжілістің пленарлық отырысында цифрлық архивті дамыту туралы заң жобасын қараған кезде, әріптес депутаттарым осы мәселенің барлығын орынды көтерді. Уәкілетті орган ретінде Мәдениет және ақпарат министрлігіне көптеген ұсыныстар айтылды.

– Сіз айтып өткен заңнамалық олқылықты жою үшін қандай түзетулер енгізу қажет?

– Қазір менің қолымда дайын редакция жоқ. Бірақ ең алдымен министрлік шетелдік тәжірибені зерделеуі керек деп санаймын. Ол жақта қандай заң нормалары бар, қалай жұмыс істейді, соны қараған жөн. Бізге «велосипед ойлап табудың» қажеті жоқ, жақсы жұмыс істеп тұрған тәжірибені алып қолданаық.

– Отырыста 2024 жылы архивке тапсырылған құжаттар саны 59%-ға азайғаны айтылды. Бұл құбылыстың басты себептері қандай деп ойлайсыз?

– Халық саны жылдан жылға өсіп келеді. Демек, соған сәйкес құжаттардың да артуы – заңды құбылыс. Әдетте, архивке тапсырылатын құжаттардың көлемі халықтың өсуімен бірге 100 пайызға артуы тиіс еді. Ал мұнда көрсеткіш керісінше 59 пайызға төмендеп отыр! Сонда қалай түсінеміз? Соңғы жылдары елде халық саны күрт азайып кетті ме? Әлде зейнетке шығып жатқан, жұмысынан босап жатқан адамдардың қатары сиреп қалды ма? Жок, әрине! Құжат азайған жоқ. Бұл – тек жауапкершіліктің жоқтығы, талаптың әлсіздігі, жүйенің қауқарсыздығының айқын көрінісі. Кейбір басшыларға қабылдаған шешімдері үшін кейін жауапкершілік көтергеннен гөрі, барынша «жабық» қалыпта ұстау тиімді. Уақыт өткен соң ешкім сұрамағаны жақсырақ сияқты.

Сондықтан біз барлық жағынан мемлекеттік те, жекеменшік те ұйымдардың басшыларын құжаттарды міндетті түрде архивке тапсыруға мәжбүрлейтін нақты жұмыс

істейтін жүйе құруымыз қажет. Бұл олардың жауапкершілігін бірнеше есе арттырады деп ойлаймын және заңбұзушылықтарды азайтудың қосымша факторы болады. Егер тіпті бірнеше жылдан кейін де қандай да бір заңбұзушылықты анықтап, заң бойынша жауапқа тартуға болатынын білсе, көпшілік екі рет ойланатын болады.

Архив саласының жұмысын қалыпқа келтіру – Мемлекет басшысы айтып жүрген Заң мен Тәртіп диктатурасы қағидатын іс жүзінде жүзеге асырудағы үлкен қадам болмақ.

– Қалай ойлайсыз, құжаттардың жоғалуы азаматтардың әлеуметтік және зейнет-ақы құқықтарына қандай қатер төндіреді?

– Архивтік құжаттар – ел Конституциясына сәйкес әрбір азаматтың әлеуметтік және мүлктік құқықтарының кепілі. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, еңбек өтілін растау үшін немесе жоғалған құжатты қайта дәлелдеу үшін азамат міндетті түрде белгілі бір кезеңде, белгілі бір ұйымға жұмысқа орналасқанын құжат түрінде көрсетуге тиіс. Сондай-ақ қай жоғары оқу орнында оқығанын, қандай мамандық алғанын дәлелдейтін деректер болуы керек. Егер мұның бәрі архивте болмаса, азамат ештеңені дәлелдей алмайды. Соның салдарынан, ол аз мөлшерде зейнетақы немесе әлеуметтік төлем алуы мүмкін.

Менің қолымда дерек бар: Алматыдағы кезінде аты белгілі бір жоғары оқу орны жабылғанда, ол өз құжаттарының барлығын жойып жіберген. Енді елестетіп көріңізші, егер сол оқу орнының түлектері дипломдарын жоғалтып алса, олар сол жерде оқығанын қалай дәлелдейді? Құжаттар түгел жойылған соң, ондай мүмкіндік біржола жоғалды.

Бұл мәселе 90-шы жылдары жұмысын бастаған азаматтар жаппай зейнетке шыға бастағанда одан сайын ұшығады. Себебі ол кезеңде мемлекеттік кәсіпорындар жабылып, жекеменшік сектор қарқынды дамыған болатын. Көпшілік негізінен мемлекеттік емес коммерциялық салада еңбек етті.

Біз әрбір архивтік құжаттың болашақта, ешқандай әсірелеусіз, нақты бір адамның тағдырын шешетін маңызы бар екенін түсінугіміз қажет. Архивтерге дәл осындай көзқарас қалыптасуы керек деп білемін.

Қазір Мәжілісте қаралып жатқан архивтер туралы заң жобасында осы проблемаларды шешуге бағытталған бірқатар шара ұсынылып отыр. Мысалы, Ұлттық архив қорының құрамы нақтыланып, оған жаңа құжат түрлерін қосу қарастырылуда. Олар – тәжірибелік-конструкторлық, жобалық-сметалық және қала құрылысы құжаттары, Қазақстаннан тыс жерлерде анықталған, түпнұсқаға тең құқы бар архив құжаттарының көшірмелері және өзге де материалдар.

Тарихи-мәдени мұраны сақтау үшін мемлекеттік бюджет есебінен жасалған аудиовизуалды құжаттардың даналарын жеке және заңды тұлғалардың міндетті түрде архивке тапсыру нормасы енгізілмек. Бұл шара тәуелсіз Қазақстан тарихындағы оқиғалар мен деректерді толыққанды қорығуға мүмкіндік беретін Ұлттық архив қорын құжаттармен толықтыруды қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ архив қызметкерлерінің белгілі бір санатының еңбекақысын арттыруға мүмкіндік беретін нормалар ұсынылуда. Цифрлық архив жүйесін толыққанды енгізуге құқықтық негіз жасалмақ.

Ең бастысы, Мәжілісте бұл заң жобасының ашық талқылануы қоғам назарын архив саласының проблемаларына аударды. Бұл – архивтердің дамуы үшін жаңа шешімдер әзірлеуде өте маңызды қадам. Депутаттар корпусы Үкіметпен бірге осы бағытта белсенді жұмыс істеуге ниетті.

– Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ЕРКІН

ЖОЛДАУ – 2025

20 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Қазіргі заманда дербес деректерді қорғау – ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналды. Киберқауіпсіздік мәселелері де мемлекеттік және жеке ұйымдар үшін бірінші орынға шықты. Осы аптада Мемлекет басшысының бұл проблемаларды Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында бөлек қарауға шығаруы бекер емес. Президент қазақстандықтардың дербес деректерінің сыртқа ағып кетуі үшін жауапкершілікті күшейтуді жүктеді.

Елдос СЕНБАЙ

ЕЛ ТОЛЫҚ ЦИФРЛЫК МЕМЛЕКЕТКЕ АЙНАЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында Қазақстанда жаппай цифрландыру және ЖИ-ді барынша енгізу қолға алынатынын жариялады.

— Үкімет экономиканың барлық саласын жаңғырту үшін жаппай жасанды интеллектіні енгізу қажет. Қазақстанды бәсекеге қабілетті ел ретінде дамытамыз десек, жұмысымызды жанаша тәсілмен жүргізуіміз керек. ЖИ-ді жаппай енгізу және жаппай цифрландыру еліміздің барлық саладағы әлеуетін еселеп арттырады. Біздің стратегиялық бағдарымыздың ең басты қыры осы болуға тиіс! — деп қадап айтты.

Сондықтан азаматтардың дербес деректері мен жеке құпияларын қорғау мемлекет үшін стратегиялық маңызға ие міндетке айналды. Қ.Тоқаевтың Қауіпсіздік Кеңесінің жиынын киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуге арнауының мәні де осында. Мемлекет басшысы жуырдағы Жолдауында Қазақстанды толық цифрлық мемлекетке айналдыруды көздейтін міндет жүктегеніне назар аудартты. Бұл үшін кешенді шара қабылдау, соның ішінде киберқауіпсіздік саласында да ауқымды жұмыс атқару қажет.

Жиын барысында қазіргі заманғы киберкәсіпкерлер мен оған қарсы іс-қимыл әдістері, азаманды ақпараттық инфрақұрылымды қорғау, киберқауіпсіздік индустриясын дамыту және кадр даярлау жүйесін жетілдіру мәселелері талқыланды. Президент киберкылмыспен, соның ішінде кибералақтықпен күрестің маңызына тоқталды. Сонымен қатар киберкылмыстарды тергеуге қатысатын мемлекеттік органдардың құзыреті арттырылатын болды. Бұдан бөлек, Тоқаев азаматтардың жеке деректерін қорғауды және дербес мәліметтерді таратқаны үшін берілетін жазаны күшейтуді басты міндет деп бекітті. Сондай-ақ киберорттадағы қауіпсіздік пен жауапты әрекет қағидаттарын халыққа кеңінен түсіндіріп, алдын алу жұмыстарын күшейту қажет.

ҚОРҒАЛУЫ КЕРЕК – ДЕРБЕС ДЕРЕК



Елдос СЕНБАЙ (қолжазба)

Президенттің тапсырмасы күн сайын өзекті бола түседі. OpenAI басшысы, ChatGPT озық нейрожелісін жасаушының бірі Сэм Альтманның пікірінше, ЖИ сіздің өміріңіз туралы егжей-тегжейлі біледі, әр хатыңыз бен хабарламаның оқиды, әрбір тілдесуіңізді күн сайын тыңдайды және оның бәрін әрдайым есте сақтайды, ұмытпайды. Жасанды интеллект әр адамның, тіпті ешкімге айтпаған ойын ұғады. Мысалы, егер азамат ешкімге, жұбайына да білдірмей, қандай да бір көлік түрінің немесе қандай да бір қаладағы баспананың бағасы туралы интернеттен ақпарат іздесе, автосалонға не жылжымайтын мүлік агентіне хабарласса, ЖИ ол адамның көлік не баспана сатып алғысы келетінін түсіне қояды. Тиісті құжаттарға электронды қол қойса, сол құжаттарға қол жеткізуі мүмкін.

ҚҰРЫЛЫМДАР ҚОРҒАУҒА ҚАУҚАРЛЫ МА?

Ал егер осындай ақпараттар ЖИ арқылы қылмыскерлердің, алаяқтардың қолына түссе ше? Онда қаскөйлер әлгі азаматтың қолында, үйінде қомақты қаражат барын түсінеді және қарау ниетін жүзеге асыруы мүмкін. Альтман мырза жасанды интеллектпен енді жеке кеңістік, онашалану, жеке құпияны қорғау сияқты концептуалды құндылықтар тоз-тоз болатынын ескертті.

Мысалы, кеше Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі атаулы әлеуметтік көмекті (АӘК) проактивті түрде тағайындау кезінде жасанды интеллектіні қолданатынын жариялады. Ендеше әлеуметтік осал топтарға жататын және мүмкіндігі шектеулі миллиондаған адамның дербес деректеріне сыртқа ағып кету қаупі төнуі мүмкін.

— Біз ЖИ-ді Random Forest Classifier моделінің көмегімен «оқытып» жатырмыз. Бұл — жәрдемақы тағайындау кезінде шешім қабылдауға әсер ететін көптеген факторды біріктіру арқылы неғұрлым дәл және тұрақты нәтиже алуға мүмкіндік береді. АӘК алуға құқығы бар адамдар автоматты түрде анықталады. Қазір модель кешенді валидациядан өтті, дәлдік



Ал егер осындай ақпараттар ЖИ арқылы қылмыскерлердің, алаяқтардың қолына түссе ше? Онда қаскөйлер әлгі азаматтың қолында, үйінде қомақты қаражат барын түсінеді және қарау ниетін жүзеге асыруы мүмкін. Альтман мырза жасанды интеллектпен енді жеке кеңістік, онашалану, жеке құпияны қорғау сияқты концептуалды құндылықтар тоз-тоз болатынын ескертті.

денгейі 90%-дан асты, бұл оның енгізуге дайын екенін көрсетеді, — дейді Еңбек вице-министрі Олжас Анафин.

Технология пилоттық режимде іске қосылады. Алғашқы кезеңде ЖИ қабылдаған шешімдер әкімдіктер үшін тек ұсынымдық сипатта болады. Кейіннен ЖИ шешім қабылдаудың бір өлшемшартына айналмақ. Яғни, әлеуметтік көмек алушы кедей отбасылардың әрбір мүшесінің фотосы, дербес деректері, аз қамтылғандардың үйін аралайтын комиссиялар түсірген фото мен видеоматериалдар, отбасының әл-ауқат деңгейі мен тұрмыс жағдайларына қатысты мәліметтер және басқасы ЖИ-ге қолжетімді болады. Енді осы мол ақпаратты қызғыштай қорғау — Еңбекминінің басты бір міндеті болуға тиіс.

— Бүгінде бұл жүйедегі ең осал буын, өкінішке қарай операторлар. Құқық бұзушылықтарды тергеу көрсеткендей, жеке ұйым мен компания қызметкерлері өз клиенттерінің дербес дерегіне қол жеткізіп, оны белгілі бір сыйақыға сатады, — деді Б.Біржанов. Осы арқылы ИМ өкілі қазақстандықтардың дербес деректері ақшаға заңсыз сатылатынын растады. Бұл қылмыс үшін кімдердің жазаланғанын полиция қызметкері журналистерге нақтылап жатпады.

Бұл тұрғыда қазақстандықтардың талануы жалғасты. 2025 жыл-

ғы маусымда ашық дереккөздерге Қазақстан тұрғындарының дербес деректерінің 16,3 миллион жазбасының ағып кеткені әшкере болды. Соның салдарынан, қазақстандықтардың аты-жөні, жынысы, туған күні, ЖСН-ы, тұрғылықты мекенжайы, кіммен бірге тұратыны, жеке ұялы телефонының, үй және жұмыс телефонының нөмірлері, азаматтығы, ұлты және

басқа да мәліметтері жаһанға жария болды.

Бас прокуратура қылмыстық іс қозғады. Бірақ болары болды, бояуы сінді. Шілде айында Премьер-Министр Олжас Бектенов алдын ала ақпарат бойынша дербес деректердің медициналық ұйымдардан қолды болғанын мәлімдеді. Осындай ақпаратты пайдаланып, алаяқтар азаматтар сыртынан онлайн несие рәсімдейді, банктік шотын, жинағын қотарып алады, шантаж жасап, түрлі қылмысқа итермелейді.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Үмітжан Арықбекованың айтуынша, «Электронды Үкіметін» орнықтылығын арттыру үшін жана қорғаныс құралдары енгізіліп жатыр, ақпараттық жүйелерді даму кезеңдерінің барлық сатысында қорғау қарастырылған. Жалпы, киберқауіпсіздік деген енді тек негізгі цифрлық инфрақұрылымды қорғау ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік егемендікті нығайтудың құралына айналды.

— Қазақстан көрші елдермен CERT-орталықтар желісі арқылы белсенді ынтымақтастық орнатты. Бір мезгілде БҰҰ мен ЕҚЫҰ жобаларына қатысып жатырмыз. Мысалы, былтыр ЕҚЫҰ аясында халықаралық осалдық жөнінде ақпарат алмасуға арналған цифрлық платформа жөніндегі келісімге қол қойылды. Халықаралық ұйымдар жұмысымыздың тиімділігін растайды: БҰҰ рейтингі бойынша Қазақстан халықаралық стандарттың 90%-дан астамын орындап отырған мемлекеттер қатарында, — деді Ү.Арықбекова.

ГИГИЕНА – СІЗДІҢ ҚАЛҚАНЫҢЫЗ

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі дербес деректердің тарап кетуі жиі кездесетінін жасырмады. Заңсыз пайда көзін табудың жана тәсілдерін ойлап табудан жалықпайтын алаяқтар дербес деректердің жаңа легін қолға түсіруге бар күшін салады, сол үшін жаксы төлейді.

«Шындап келгенде, ғаламторда сізге және әмияныңызға айтар-

лықтай залал келтіретін деректер әлі де жеткіліксіз. Алайда қылмыскерлер сізді жаңылыстырып, шот пен банк картасына қатысты өзіне жетпей тұрған мәліметтерді сізден суыртпақтап, өз еркіңізбен беруге мәжбүрлей алатын әлеуметтік инженерия әдістерін қолданады. Бұған оларға желіде тараған дербес деректер көмектеседі. Әлбетте, сізді аты-жөніңізбен толық атап, туған жылыңыз бен жеке куәлігіңіздің нөмірін дәл айтып тұрса, хабарласқан адамға деген сенім еріксіз арта түспек. Бұған қоса, алаяқтар өзін банк қызметкері ретінде таныстырады. Қандай да бір мәліметті растау не нақтылау туралы мұндай диалогты дереу тоқтатқан дұрыс, — деп кеңес берді агенттік.

Алайда алаяқтар басқа да тәсілдерді қолданады. Егер қаскөйлер кем дегенде картаның нөмірін немесе электрондық поштаңызды білсе, олар: «Сіздің нөмірі мынадай картаның өтемақы тиесілі. Сілтеме бойынша өтіңіз және оны алу үшін смс-хабарламамен келген кодты енгізіңіз» деген хабарлама жіберуі мүмкін. Сол айтқанды жасасаңыз, қылмыскерлерге жинағыңызға қол жеткізуге мүмкіндік бердіңіз.

«Статистика паш еткендей, банк карталарына қатысты алаяқтық фактілерінің 95%-дан астамы пайдаланушылардың өзі қаскүнемдерге жетіспей тұрған ақпаратты: смс-пен банктен келетін кодтарды, банк картасының CVV-кодтарын және қолданыс мерзімін, жеке кабинеттің паролін айтып беруінен кейін жүзеге асырылған. Есіңізде болсын, егер клиент құпия ақпаратты алаяқтарға өзі берсе немесе оның көмегімен үшінші тұлғалар басқа адамдардың шоттарына заңсыз ақша аударса, банктер шығындарды өтемейді», — деп ескертті қаржылық реттеуші.

2025 жылдың қаңтар-шілде айларында Қазақстанда дербес деректерге және жеке өмірге қол сұғуға қатысты 58 қылмыстық іс қозғалды. Бұл 2024 жылғы ұқсас мерзімдегіден 18,4% көп. Өңірлер арасында мұндай қылмыстар Алматыда жиі жасалады: биыл 19 дерек тіркелді, былтыр 12 болған, өсім 58,3%. Екінші орынға Астана (10) шықты, үшінші Шымкент (6) тұйықтады. Бірақ бұл қылмыстық іс қозғауға дейін жеткені ғана. Қаншама адам дербес деректерінің алаяқтарға олжа болғанын білсе де, өкінумен шектеледі, сергелденге салады деп қаймағып, полицияға жүгінбейді.

Мұның сыртында сотқа дейін жететін қылмыстық істер тіпті аз: жыл басынан бері судьялар дербес деректердің ұрлануына қатысты 22 істі қараған. Салыстырғанда, 2024 жылғы 7 айда 61 іс сотқа жеткен еді. Соның өзінде жауаптылар айыппұлмен ғана құтылады. Сот үкімімен 21 адам әкімшілік жазаға тартылды. Олар жалпы саны 7,8 млн тенге айыппұл арқалады, әрқайсысына шаққанда 371 мың тенгеден келеді. Сарапшылар дербес деректерді сатудан алақол адамдардың бұдан бірнеше есе көп табыс табатынын еске салады. Бұл ретте соттар салған айыппұлдың небәрі 37,7%-ы немесе 2,9 миллионы ғана өндірілген. Сондықтан жаппай цифрландыру және ЖИ-ді барлық жерде енгізуден бұрын шенеуніктер мен жауапты құрылымдар азаматтардың дербес деректерін қорғау, сондай-ақ айыптыларды қатаң жазалау ісін мықтаса жөн.

НАРЫҚ

20 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ



Елорда ҚАЗАҚ (қалалар)

ҚҰБЫЛМАЛЫ НАРЫҚ: ТАБЫСТАН ТАҒЫ ҚАҒЫЛДЫ

Жыл басынан бері жаһанда экономикалық дүрбелеңдер қайталанып жатыр. Сәуірде құны құлдыраған «қара алтынның» ахуалы әлі реттелген жоқ. Салдарынан Қазақстан ең басты экспорттық шикізатынан табатын пайданың бір бөлігінен айырылып отыр. Нарықтағы құбылмалы кезең көпке дейін жалғасуы мүмкін бе, жаһандық саясат мұнай бағасына қалай әсер етіп отыр?

тында үлкен шығынға ұшырады, Қытайға импорттау 86,4 пайызға, Сингапурға сату 75,8 пайызға азайды. Оңтүстік Корея, Үндістан және Бруней Қазақстан мұнайын сатып алуды тоқтатты.

Көп өтпей Қытай мен Сингапур бағытында сауда қайта жанданды. Оңтүстік Корея, Үндістан және Брунейге шикізат жеткізіле бастады. Қазақстан компаниялары алғаш рет Пәкістанға мұнай жөнелтті. Бұған қоса, біржылдық үзілістен кейін Панамаға қайта оралды. Еуропа одағы, яғни Қазақстан мұнайының шамамен 65 пайыздан астамын тұтынатын негізгі серіктес сатып алу көлемін 3 пайызға арттырды. Соның арқасында ғана мұнай жеткізу былтырғы көрсеткіштен небәрі 1,9 пайызға қысқарған еді.

Бірақ экспорттың төмендеуі қазір артық қор жиналу қаупін тудырып тұр. Оның үстіне, Теңіз кен орнында биыл қаңтарда іске қосылған үшінші буын өндірісі жылына 12 млн тонна мұнай қосатынын ескеру керек. Қаңтар маусым айларында мұнай өндіру 11,5 пайызға өсті. Шілдеде Қазақстан Ресей мұнайынан бас тартқан Германияға экспортты арттыруды жоспарласа, тамызда «ҚазМұнайГаз» Хорватия арқылы Мажарстанға алғашқы партияны жеткізді.

Шикізат өндіру мен оның көлеміне қатысты позитивті тұстар болғанымен, тауар экспорттының құны жағынан төмендеуіне тікелей баға әсер етіп отыр. Сәуірде басталған құнсыздану әлі жалғасып келеді. Мысалы, тамыздың ортасына қарай 2025 жылдың қазан айы үшін мұнайдың бір баррелінің фьючерсі 66-67 доллардан белгіленді. Баға осы деңгейде қалса, онда мұнайдан түсетін табыс былтырғыдан сөзсіз төмен болады.

Биыл республикалық бюджет «қара алтынның» бір баррелін 75

доллар деп бекіткені есімізде. Ал доллар курсы 470 теңге деңгейінде болады деп ескерілді. Бірақ доллар әлдеқашан 540 теңгеден асып жығылды. Бұдан кейін Үкімет мұнай бағасын 60-55 долларға дейін төмендеген жағдайда даму сценарийін шұғыл дайындап жатқанын мәлімдеумен шектелді.

РЕСЕЙЛІК МҰНАЙ НАРЫҚҚА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?

Биыл сәуірде Goldman Sachs ұйымының сарапшылары Brent маркалы мұнай 2026 жылдың соңында барреліне 40 доллар болуы мүмкін екенін болжаған. Ал Ұлттық банк сол кезде мұнай бағасының төмендеуі мен теңгенің әлсіреуін АҚШ-тың салық саясатымен түсіндірді. Дегенмен мұнай бағасының тағдыры түгелдей АҚШ көшбасшысы Дональд Трампқа немесе саясаттағы түрлі шиеленіске тікелей байланыспайтын іспетті. Әлемдік мұнай нарығындағы басты ойыншылар — Парсы шығанағындағы монархиялар, әсіресе Сауд Арабиясы рөл ойнайды. Олар қазір ОПЕК+ секілді бірлестік аясында тәртіп орнатып, барлық қатысушының белгіленген квоталарды сақтауына күш салып жатыр. Қазақстан да жыл сайынғы өндірісті 100 млн тоннаға жеткізгісі келгенімен, осы бірлестік аясында өндірісті айтарлықтай арттыра алмай отырғаны рас.

Биыл АҚШ пен Ресей Украинадағы қақтығысты тоқтату және санкцияларды алып тастау мәселесі жөнінде бірнеше келісімге келуге ұмтылғанын білеміз. Сол кезде жаһандық нарық келісімдердің нәтижесіне аландаумен болды. Себебі АҚШ пен Ресей бір көзқарасқа тоқтай алса, нарыққа ресейлік «қара алтын» оралып, мұнай бағасы одан әрі

төмендеуі мүмкін екені болжанған. Әйтсе де, саясаттанушы Ғазиз Әбішев ресейлік мұнайға салынған санкциялар алынып тасталған күннің өзінде, «қара алтын» құны одан әрі құлдырмайтынын айтады.

— Мәселе мынада: санкциялар, 60 доллар деңгейінде белгіленген баға шегі (қазір 47 доллар) жасанды түрде ресейлік мұнайдың бағасын төмендетіп отыр. Ресейді демпинг жасауға, яғни арзанырақ сатуға мәжбүрлейді. Бұл амал бір жағынан өндірісті ұлғайтып, валюталық кірісті жоғары бағадан емес, үлкен көлемнен табуға итермелейді. Мысалы, қазір олар Үндістанға мұнайды арзан бағамен сатып отыр.

Егер ресейлік мұнайдан санкциялар бір сәтте алынып тасталса, бұл баға шегінің жойылуына әкелуі мүмкін. Ресей мұнайды үлкен жеңілдікпен емес, нарықтық бағамен сатып, өндірісті күштеп арттыруды да тоқтатар еді. Осылайша, нарыққа керісінше бағаның нығаюы бағытында әсер етуі ықтимал. Бұл — өзара ықпал ететін екі фактор. Қайсысы басым болатынын мен дәл айта алмаймын, — дейді сарапшы.

Ғ.Әбішевтің сөзінше, санкция астындағы Иран заңсыз жолмен үлкен көлемдегі мұнайды Қытайға немесе басқа елдерге өте арзан бағамен сатса, қандай да бір валюталық түсім алу үшін көлеңкелі жолды қолданса — бұл да нарыққа қысым түсіреді. Сосын сатып алушылар да нарықтық бағамен мұнай сататын санкциядан тыс елдерден емес, көлеңкелі нарықтағы арзан мұнайды таңдауға бейім болады.

— Қазір ОПЕК+ пен араб мемлекеттерінің іс-әрекеттері жақсы рөл ойнап отыр. Америкада шельфтік мұнай игеріліп, атом электр стансалары салынып, баламалы энергия көздері дамып жатыр. Сондықтан барлық мұнай-газ өндіруші елдердің алдында «алдағы онжылдықтарда энергия өндірудің жаңа ғылыми жолы ашылып, мұнайға деген сұраныс күрт төмендеп кетпей ме?» деген

ның инвестициялық белсенділігіне кері соғуы мүмкін.

— Мұнай бағасының төмендеуі ОПЕК+ ұйымының шешіміне байланысты. Әйтпесе, болжамдарда айтылған 40 доллар деңгейіндегі баға ең алдымен АҚШ-тағы тақтатас мұнайын өндіретін компанияларға ауыр соққы болар еді, өйткені АҚШ-та өндірілетін мұнайдың шамамен 70 пайызы дәл осы тақтатас мұнайы.

Бағаның төмендеуі қысқарған мерзімді сипатта болғанымен, Қазақстан үшін қауіп барын білдіреді. Бюджет кірістері мен экспорт түсімінің негізгі көздері әлі де шикізат жеткізуге тәуелді, әсіресе Каспий құбыры арқылы. Бірақ бұл жағдай тек қауіп емес, сонымен қатар стратегиялық бетбұрыс жасауға мүмкіндік, — дейді мұнай және газ саласының сарапшысы Асқар Исмаилов.

Сарапшының ойынша, бағаның төмендеуі ел ішінде өңдеу саласын жедел дамытуға түрткі болуы керек. Қазақстан шикі мұнайды, пропан-бутанды немесе полиэтиленді экспорттай беруіне болмайды.

Біріншіден, әртүрлі мұнай сорттарын өңдей алатын төртінші мұнай өңдеу зауытын салу керек. Екіншіден, жоғары қосылған құны бар өнімдерге басымдық беру арқылы шағын тоннажды мұнай-химия өндірісін жолға қойған абзал. Пластик, қаптама, бұйымдар, құрылыс материалдары, машина жасау компоненттерін шығару мақсатында терең газ-химия өндірісін салу да бір бағыт. Бұның бәрі жұмыс орындарын ашып, қосымша салықтар түсіріп, қайта өңделген өнімнің экспорттына жол ашар еді.

— Қысқамерзімді ауытқу бюджет пен Ұлттық қор кірісіне әсер етеді десек те, Ұлттық қордың дәл осындай сәттер үшін құрылғанын ұмытпау керек. Ол тек жинақтауға емес, жағдайды реттеп отырушы. Алайда қор құрылымдық реформаларды қолдау үшін пайдаланылуға тиіс. Мысалы, импортты алмастыру, индустрия-

Мадияр ТӨЛЕУ

МӘСЕЛЕ КӨЛЕМДЕ ЕМЕС, БАҒАДА

Елдің мұнай өндірісін арттыруға ұмтылысына қарамастан, құн жағынан кем-кетік бар. Мәселен, 2025 жылдың алғашқы 6 айында еліміздің тауар экспорты былтырғы дәл осы кезеңмен салыстырғанда 2,8 млрд долларға азайып, 36,8 млрд долларды құрады. Астық сатудың артқанын ғана айтпағанда, ел экономикасының тірегі саналатын шикізаттардың саудасы төмендеген.

Тауар экспорты деп жалпылама атау бергенімізбен, оның жартысынан көбі мұнай екені анық. Сондықтан жаһандық нарықта «қара алтын» құны төмендесе, Қазақстанның тауар экспорты да ақшалай мәнде азая береді. Биыл жартыжылдықта мұнай сату 2,5 млрд долларға (19,5 млрд долларға дейін) кеміді, былтырғыға қарағанда 11,4 пайызға аз.

Қаңтар мен наурыз аралығында еліміздің өзге мемлекеттерге мұнай жеткізуі 2,5 млн тоннаға төмен түсті. Азия бағы-

Ғ.Әбішевтің сөзінше, санкция астындағы Иран заңсыз жолмен үлкен көлемдегі мұнайды Қытайға немесе басқа елдерге өте арзан бағамен сатса, қандай да бір валюталық түсім алу үшін көлеңкелі жолды қолданса — бұл да нарыққа қысым түсіреді. Сосын сатып алушылар да нарықтық бағамен мұнай сататын санкциядан тыс елдерден емес, көлеңкелі нарықтағы арзан мұнайды таңдауға бейім болады.

стратегиялық дилемма бар. Егер ондай жағдай бола қалса, оны ұзақ уақыт сақтап, кейін ешкімге керегі болмай қалғанша, мұнайды қазір капиталға айналдырған тиімдірек, — деп түйіндеді саясаттанушы Ғазиз Әбішев.

ЕКІ ТҮРЛІ ТАҢДАУ БАР

Ал мұнай бағасының төмен болуы қысқамерзімді перспективада алдымен мемлекеттік бюджет кірісінің азаюына соқтырады. Себебі пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық, экспорттық баж салығы және мұнай компанияларынан түсетін дивидендтер кемиді. Ал валюталық түсімнің қысқаруы теңгеге девальвациялық қысым түсіріп, сала-

ландыру, өңдеу, дайын өнім экспортын дамыту секілді салаларға. Бұл тұрғыда біз тек «қалай аман қаламыз» деген сценариймен шектелмей, «қалай пайда көреміз» деген сценарийге көшуіміз керек, — деп топшылады Асқар Исмаилов.

Қорыта айтқанда, Қазақстан экономикасының әлі де шикізатқа тәуелді екенін ешкім жасырмайды. Негізгі капиталға тартылған инвестицияларда әлі де тау-кен саласының үлесі көп. Одан арыла алмайтынымыз белгілі, алдағы уақытта сирек металдардың өндірісі де артады. Сондықтан Үкімет бюджетті салықтық түсімдер арқылы молайтуды ғана ойламай, дайын өнімдердің өндірісін жолға қойғаны жөн.

ӨЗЕКТІ

20 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Абай Құнанбайұлы «Өзгермейді деген адамның тілін кесер едім» депті. Шынымен де, заман ауысқан сайын адамның мінез-құлқы да түрленіп жатыр. Бұрын 2000 жылдары дүниеге келген Z ұрпақты өз бетімен шешім қабылдайтын, әлеуметтік желі буыны дейтін. Ал 2012 жылдардан бері дүниеге келген Alpha ұрпақ тез жалығатын, нағыз смартфонның балаларына айналды. Ал олармен тіл табысу ата-анасы үшін де қиын. Соның салдарынан ба, қоғамда жасөспірімдер арасындағы суицид те азаймай тұр. Ал оған не себеп?

Көктем ҚАРҚЫН

Біріккен Ұлттар Ұйымының статистикасына сәйкес, 2023 жылы суицид жағдайы бойынша Қазақстан әлем бойынша 19 орынға жеткен. Соның ішінде, жасөспірімдер арасында 155 суицид жағдайы тіркеліпті. Психологтардың айтуынша, бірінші кезеңде жасөспірімдердің 70 пайызында суицид туралы ой болады. Бұл кезеңде олар психологиялық сокқы алған болса немесе күйзеліске түскен болса, суицид жасауға ниеттенеді. Бұл жалғаса берсе, өзін-өзі өлтіру уақыты мен орнын жоспарлай бастайды. Соны әрекет етуге ұласады. Бұл кезеңдегі баланы сөзбен емдеу мүмкін емес, тіпті оған психолог та көмектесе алмайды.

КІТАПҚА ҚҰМАРЛЫҚ ҚАСІРЕТКЕ АЙНАЛҒАН

Быттыр қоғам назарын аударған оқиға — Алматыда көпқабатты үйдің шатырынан құлап көз жұмған екі жасөспірім қыздың тағдыры. Иә, олар өміріне жауапкершілік ала алмайтын жаста дүниеден озды. Тіпті, жасөспірімдердің суицид жасауға дайындалып жүргенін жақындары білсе де, тосқауыл бола алмас еді. Себебі қыздардың психологиялық жағдайы, жоғарыда атап өткен кезеңдердің ең соңғысында.

— Қызымыздың дүниеден озуы өз еркімен емес, баланың психикасына әсер ететін интернет-технологияның салдарынан болды. Сондықтан мұндай жағдай балаға жасалған қастандық деп есептейміз. Біздің ғана емес, осы жағдай барша қазақстандықтардың басында болуы мүмкін. Бұл — балаға қарсы жасалған қылмыс. Бұл злымдыққа нүкте қойылуы керек. Қоғам болып атсалысуымыз керек. Баланың психикасын бұзатын дүниені жасаған жандар жазасын алуы керек, — дейді қарындасынан қапыда айырылған ағасы.

Бір қызығы, екі жасөспірімнен де күйзелістің белгілері байқалмаған. Әрқашан ортасында әзіл айтты, балетке қатысқан. Анасымен де жақын сырлас болыпты.

— Ата-анасы қызға өте жақсы көңіл бөледі. Аниме кітаптарын сүйіп оқыды. Арасында қандай кітап оқып жатқанын айтатын. Оның кітаптарына мән бермегені өкінішті. Алдын алатын едім, — деп өкінігенін жеткізді оқытушысы.

Осы оқиғадан соң, ата-аналар арасында мына оқулықты баланыз оқымасын, «қадағалаңыз» деген хабарламалар тарап кетіпті. Онымен қоса, қыздар өлімді романтика ететін кітаптар мен telegram каналдарға тіркелгені анықталған. Ендеше кітап кейде рухани демеу, кейде қауіпке жетелеуші құрал бола алады. Әсіресе, аниме не манга бағытындағы кітаптарда кейіпкерлердің өмірі көбіне шынайыдан алшақ мифке құрылған. Жазушы-

ЖАРҒА ЖЫҒАР ЖАЗБАЛАР



Еллар ҚАБА (қолжазба)

ның ойынша, ол тек көркем образ болуы мүмкін, бірақ жасөспірім үшін ол шындыққа ұқсас үлгіге айналады. Анимелік әдебиеттерде кейіпкердің қайта-қайта өліп, тірілуі жасөспірім санасында өмір мен өлімнің құндылығын жеңілдетуі мүмкін. Сондай-ақ кітапта бейнеленген мәңгілік ізденіс, жалғыздық, депрессияны кей балалар өз өмірімен салыстырып, шешімін тек қана қасіреттен көреді.

Ал жаман кейіпкердің романтизациясы зұлымдықты әдемі, әсерлі етіп көрсету арқылы мінезді бұзуы мүмкін. Ересек адам мұндайды оқығанда, оның көркемдік шындық екенін, миф пен метафора екенін түсінеді. Ал жасөспірім бала үшін кітаптағы символика «тура шындықтай» қабылданып, қауіпті ойға итермелеуі ықтимал. Бұл — әсіресе психологиялық тұрғыда әлсіз, жалғыздықты сезінетін балалар үшін маңызды фактор.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Мәжіліс депутаты Нартай Аралбайұлына берген сұхбатында Алматыда болған оқушылардың өлімін зерттей келе, трагедияның себебі тереңде болғанын айтты.

— Кейбір қосымшалардың атауының өзі ағылшын тілінен аударғанда «ата-анадан қашып кету керек» деп жазылған. Бала оны ойын сияқты қабылдайды. Басында ойын деңгейінде баланы баурап, кейін балаларды ата-аналарына қарсы қояды. Жасөспірімдердің суицидін зерттей келіп, өзіне қол жұмсаған балалар белгілі бір әдебиетті оқығаны анықталды. Біз сол

кітапты іздестіріп, қаладағы кітап дүкендерінен осыған ұқсайтын тағы он шақты кітапты таптық. Мұқабасына, мазмұнына қарасаң, ешқандай қауіп жоқ секілді — махаббат туралы, жастардың арасындағы қарым-қатынас туралы сияқты көрінеді. Бірақ балалар осы кітаптарды оқып, басқа бір ойларға беріліп, ең соңында сол кітаптардың кейіпкерлеріне арналған қосымшаларына кіріп, ақыры өздеріне қол жұмсағаны анықталды. Біз кітап дүкендерінен сол және мазмұны осыған ұқсас кітаптарды айналымнан шығардық. Осылайша, осындай әлеуметтік желі арқылы балаларымызға бағытталған астыртын әрекеттің жолын кесіп,

қоғамдық кітапханаларда арнайы Advisory Board (кеңесші комиссия) сараптайды. Суицид, зорлық-зомбылық, экстремизм, порнография сынды тақырыптардағы әдебиеттерге жас шектеуі қойылады немесе кітапханалардан алынып тасталады. Еуроодақ елдерінде балалар мен жасөспірімдер әдебиетін қадағалайтын арнайы институттар бар. Олар қоғамға қауіпті, психикаға зиянды кітаптарды қарастырады. Ал Жапония суицид деңгейі жоғары ел болғандықтан, манга мен анимеге мемлекеттік деңгейде harmful publications (зиянды басылымдар) тізімін жүргізеді.

— Жалпы, Қазақстан — әлем бойынша жасөспірімдер арасындағы суицидте алдыңғы орында. Дегенмен шетел әдебиеті балаларды суицидке итермелейді деу жаңсақ пікір болар еді. Біздің елімізге шетелдік кітаптар емін-еркін келіп, сатылып жатқан жоқ. Тек Ресейден келетін кітаптар нарықта еркін жүр. Себебі көрші мемлекеттен келген шетел әдебиеті орыс тіліне аударылып келеді. Бірақ барлық шетелдік кітап жасөспірімдерді суицидке итермелейтініне сенбей-

эпидемияға айналуына жол бермедік, — деген еді Ерлан Қарин.

ШЕТЕЛДІК ӘДЕБИЕТ СҮЗГІДЕН ӨТЕ МЕ?

Қазақстанға кіргізілетін кітаптар мен баспа өнімдері келен арқылы өтеді. Заң бойынша «экстремизмді, терроризмді, діни араздықты, ұлтаралық жеккөрушілікті насихаттайтын» әдебиеттерге тыйым салынған. Сондықтан діни мазмұндағы кітаптар мен материалдар арнайы теологиялық сараптамадан өтеді. Қазақстанда тіркелмеген діни ағымдардың кітаптарын таратуға рұқсат етілмейді. Ал ресми баспалар шетелдік кітапты қазақшаға немесе орысшаға аударып шығару үшін авторлық құқық иесімен келісімшарт жасайды. Бұл да бір сүзгі ретінде жұмыс істейді, себебі рұқсатсыз шығаруға болмайды. Жалпы алғанда, Қазақстанда шетел әдебиеті еркін келеді, дүкендерде әлемдік авторлардың көпшілігінің шығармасы бар. Бірақ заңға қайшы немесе діни-экстремистік мазмұндағы кітаптарға сүзгі қатан қойылғанымен, балалар әдебиетінің мазмұнын ешкім қадағалап жатқан жоқ.

Ал кейбір дамыған елдерде балалар әдебиетіне белгілі бір «сүзгі» қойылған. Бірақ ол тікелей цензура емес, көбінесе жас ерекшелігіне сай іріктеу, педагогикалық және психологиялық сараптау түрінде жүзеге асады. Мысалы, Америкада балалар мен жасөспірімдерге арналған кітаптар жас деңгейіне қарай қатан жіктеледі. Мектеп пен

мін. Мен білетін балалар әдебиеті суицидті болдырмау туралы ойға жетелейді. Ал суицид туралы ойлайтын баланың отбасында проблемалар, ортасында әлімжеттік болуы мүмкін. Содан кейін күйзеліске бейім болады, — дейді Steppe and World баспа үйінің басшысы Раиса Қадыр.

ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚҚА АТА-АНА ЖАУАПТЫ

Баспагердің айтуынша, 14 жастан үлкен жасөспірімдер тек балалар әдебиетін емес, ересектердің кітаптарын да оқи бастайды. Біздің төл әдебиетімізде де зорлық, соғыс туралы ауыр тақырыптар бар. Оның барлығын балаға оқыма деп шектей алмаймыз. Баланы суицидке итермелейтін басқа факторлар да бар. Шығармашылыққа жақын бала ата-анасынан, ортасынан қолдау таппаған кезде ішкі күйзеліске түседі. Ондай балалар ауыр тақырыптардағы кітапты оқыған кезде сондай жолға түсіп кетуі мүмкін. Ал психикасы сау бала ауыр әдебиетті ақпарат ретінде қабылдайды. Сондықтан жасөспірімдердің психикалық денсаулығын сақтау — ең бірінші ата-анасының міндеті.

— Өтпелі шақта жүрген балаға мейірім мен қолдау керек. Ал біздің қоғам баланы «анау қате, мынау болмайды» деп жан-жақтан қысады.

Қоғамда атыс-шабыс, өлімге қатысты жүздеген фильм шығып жатыр. Оны «көрме» деп баланы тағы тыя алмаймыз. Ал психикалық

тұрғыда сау бала ондай фильмдерді көрсе де, теріс әсерін қабылдамайды. Қазір әлемде балалардың жаппай мазасыздығы пайда болды. Бұл олардың ешбір шектеусіз, күндіз-түні әлеуметтік желілерді қолдануының салдары. Көптеген мемлекеттер 16 жасқа дейін балаға смартфон беруді шектеп жатыр. Әлеуметтік желі қыз балаларға байлықты, сұлулықты шектес тыс насихаттап, сондай болуды дәріптейді. Салдарынан, жасөспірімдер арасында кибербуллинг ұшығып тұр, — дейді Раиса Қадыр.

Ата-аналар арасында «баланың тәрбиесін мемлекет пен мектепке тапсырып қойдық» деген көзқарас жиі кездеседі. Көпшілігі баласының ішкі жан дүниесіне үнілмей, тек материалдық қажеттілігін қамтамасыз етуді басты міндет санайды. Ал шын мәнінде, балаға ең алдымен ата-ананың мейірімі, жылы әңгімесі, көңіл бөлуі қажет. Өкінішке қарай, кей отбасыларда ата-ана баласының күнделікті күйзелісін байқамайды да. Бір мысал — көрші бөлмеде дәрі ішіп, өмірімен қоштаспақ болған баланың әрекетін әкесі білмей, қолындағы телефонға шұқшыып отырған. Бұл оқиға — қазіргі қоғамдағы ең ауыр шындықтың көрінісі. Яғни, баланың ішкі жанайқайы мен көмекке шақырған үнін ата-ананың немқұрайлығы көміп тастайды.

— Ата-ана баласының қандай кітап оқитынын, қандай контент тұтынатынын бақылауы керек. Өйткені жасөспірімдік кезең — құбылмалы уақыт. Бала ересек өмірге аяқ басар кезде ата-ана баласымен жиі сөйлесіп, дос ретінде сырласуы қажет. «Не оқып, не көріп» жүргенін сұрауы керек. Жасөспірімдік шақта балаға түймедей мәселелер түйедей көрінуі мүмкін. Жалпы, ата-ана баласының не істеп жүргенін хабардар болуға тиіс. Балаға контент ұсынатын платформаларға, кітаптарға сүзгі қажет деп есептеймін. Себебі баланың санасы кез келген ақпаратты қабылдай береді. Қазір кішкентайлардың санасы «Көк трактор», «Маша мен аю» сынды мультфильмдермен уланып қалған. Сондықтан балалардың контентіне белгілі бір деңгейде тексеріс болуға тиіс, — дейді педагог Назым Сапар.

Мамандардың айтуынша, мұндай жағдай көбіне «эмоциялық жетімдікке» әкеледі: бала ата-анасының жанында жүрсе де, өзін жалғыз сезінеді. Соның салдарынан, ол қолдау мен түсіністі сырттан іздейді — интернеттен, аниме мен кітаптардан, кейде қауіпті ақпарат көздерінен. Егер ата-ана дер кезінде көңіл бөлмесе, бұл жасөспірімнің психологиялық күйзелісін тереңдетіп, тіпті қайғылы жағдайға жеткізуі мүмкін.

— Мен жекеменшік мектепте істеп жүргенде, оқушыларым соңғы үлгідегі телефон ұстап жүретін. Былай айтқанда, материалдық жағдайлары жоғары болды. Бірақ сөйлесе келе, балалардың ата-анасымен байланысы үзілгенін білдім. Ересектердің баламен позициясы тек «ата-ана» рөлінде қалып қойған. Бірақ ата-ана тек бір формада баласына қарамай, дос ретінде тыңдай алуы қажет. Осы байланысты дұрыстасак, қоғамда суицид те болмас еді, — деді Назым Сапар.

Кітап — білім мен тәрбие құралы. Бірақ оның мазмұны дұрыс түсіндірілмесе, әсіресе депрессияға бейім жасөспірім үшін қауіпті белгіге айналуы мүмкін. Сондықтан суицидтің алдын алу үшін тек мектеп не мемлекет емес, ең алдымен ата-ананың сенімі мен қамқорлығы шешуші рөл атқарады.

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ – 140

20 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Биыл – Алаш арысы Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл. Алаш мұрасы, ақтаңдақтар туралы толық әлі зерттеліп, зерделеніп біткен жоқ. Оқтын-оқтын тың зерттеулер табылып, жаңа мәліметтер жарияланып жатады. Ал міржақыптанушылар бұл тұрғыда қандай оң нәтижелерге қол жеткізді? Міржақып Дулатұлы шығармашылығы толық зерттеліп бітті ме? Біз мұны белгілі ғалым, алаштанушы, профессор Айгүл Ісмақоваға қойған едік. Ғалым Алаш арысы Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» атты отаншылдық ұраны мен «Бақытсыз Жамал» романының қазақ қоғамының отарлық кезеңдегі күйін анық бейнелеген, ұлт азаттығы мен рухани еркіндік ұстанымын көтергені туралы әңгімелеп берді.



— Міржақып Дулатұлы және деколониялық дискурс. Бұл қайраткер шығармаларында қалай көрініс тапты?

— Міржақып Дулатұлының шығармашылығына қарасаңыз, ол кісі нағыз ұлтжанды тұлға болғанын аңғарасыз. Оның деколониялық дискурсы — қазақ халқының отарлау кезеңіндегі әлеуметтік, мәдени, саяси ахуалын сынға алып қана қоймай, ұлттық сананы оятып, ұлттық бірлікті қалыптастыруға арналды. Оның деколониялық дискурсының негізі — қазақты ұлт ретінде сақтап қалу: ұлтжандылық, жаппай орыстандыруға қарсы күрес, әйел теңдігі мәселесі, қазақ тілінің мәртебесін көтеру. Мәселен, әйел теңдігі мәселесін де алғашқылардың бірі болып көтерген жанның бірі — осы Дулатов. «Бақытсыз Жамал» романын алайық, онда қазақ қызының мүшкіл халін ашық көрсетіп, оның азаматтық құқығы ерлермен тең болуын талап етті. Бұл — тек әдеби шығарма емес, қазақ қоғамына ой тастаған манифест десек те болады. Одан кейін қазақ тілінің мәртебесін көтеруге, оны кеңсе, ғылым мен білім саласында кенінен қолдануды ұстаным етті. Ғалымның «Есеп құралы» мен «Қирағат кітабы» сынды ғылыми еңбектері қазақ тілінде жазылған алғашқы оқу құралы ретінде 1937 жылға дейін қолданыста болған.

«Бақытсыз Жамал» — қазақ әдебиетіндегі тұңғыш деколониялық әрі гендерлік роман. Романның басты ұстанымы мынада: қазақ қызы — ертенгі ұрпақтың Анасы, ал егер ол күн болса, құл ұрпақ дүниеге келеді. Бұл — Алаш арыстарының басты қағидасы еді. Осыдан 100 жыл бұрын-ақ олар қазақ қыздарының жағдайын түзеуді, қоғамдағы орнын көтеруді ұлт мүддесі деп таныған. Сондықтан бұл роман — нағыз деколониялық көзқарастың әдеби көрінісі, отаршыл саясаттың қазақ қоғамын қалай күйреткенін ашып көрсеткен бірегей туынды.

— Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толды. Міржақып Дулатұлының «Абай» атты мақаласы ақынның қазасынан кейін 10 жылдан кейін жарық көрген екен. Алаш арысы ақын туралы жазбасында не мәселе қозғады?

— Міржақып Дулатұлының Абай туралы алғаш жазған мақаласы — «Ибрагим ибн Құнанбаев». Бұл 1908 жылы «Уақыт» газетінің №383 санында жарық көрді. Қарап отырсаңыз, бұл мақала Абайдың 1909 жылғы тұңғыш жинағы шықпай тұрып, орыс ғылыми ортасына ақынның кім екенін таныту мақсатында арнайы жазылған. Міржақып сол мақаласында Абайдың нақты өмірден өткен күнін «опат: 23.06.1904» деп көрсетіп, дәл анықтап жазды. Кейін Абайдың дүниеден қайтқанына он жыл толғанда, 1914 жылы

«Қазақ» газетінде екінші мақаласын жариялады. Онда: «Қазақ әдебиетінің атасы, Хакімінде тарихта аты алтынмен жазыларлық Абай Шыңғыс тауында туып, Шыңғыс тауында алпыс жыл өмірін өткізіп, сол Шыңғыс тауында өлді» деп жазды.


Абай туралы алғаш 1904 жылы Омскіде Ахмет Байтұрсынұлынан естігенін айтады. Ал Ә.Бөкейхан бастауымен 1909 жылы Абайдың балалары ақын

кітабын бастырып, Петербордан шығарғанын да сөз етеді.

Міржақыптың бір сөзі бар ғой: «Абай сынды ақынның қадірін білмеу — қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды, себебі қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы — тарихы, әдебиеті жоктығынан. Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері болуы қиын. Әдебиет, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады».

Сонымен қатар қайраткер мақаласында: «Әдебиет не үшін керек, ол нені көрсетеді?» деген сауалға да жауап іздейді. «Қандай жұрттың болса да, жаны — әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ». Әдебиетші «Абайтану не үшін керек?» деген сауалға: «Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуымен, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей», — дегені бізге де қаратып айтылған.

Ол мақаласында М.Лермонтовтың «Жалғыздықта» өлеңінің қазақша аудармасын Абай қалай жасағаны, неге осы өлеңді тандағанын да айтады. «Өлеңдері есіткеннің жүрегін жігерлендірерліктей табиғи болып, шығармаларының асыл негізі Лермонтовқа үндес. Мәжілісінде болған кісілердің айтуынша, тілі ләззатты, араб, парсы, түрік, калмақ тілдерінен хабардар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кең болып, танымды, ауқымды еді». Абай қандай адам болды? «Адамшылық ой-қиялы өте таза, ұлтжанды, елін-жерін сүйген кісі еді». М.Ду-



ҚАЛҒАНША ЖАРТЫ ПАЙДАЛАН ШАРУАҢА

латұлы тандап алып келтірген Абай өлеңі өзіне үндес екені «Оянбай, қайран жұрт» деген сөздерден де көрініп тұр: «Қуатты оттай бұрқырап, Уәзінге салып тізілген. Жанбырлы жайдай зырқырап, Көк бұлттан үзілген. Қайран тіл, қайран сөз, Наданға қадірсіз. Тәуекел мен батыр ой Өткір тілді найза етіп. Сайысып-ақ бақты ғой. Неше түрлі айла етіп. Оянбай қайран жұрт. Ұялмай қал жым-жырт! («Уақыт», 1908 №383).

М.Дулатұлы Алаш ғалымдары сияқты «асыл сөз — қазақ елінің тарихы, оның жаны туралы болу керек» дегенді ұстанған адам.

— Міржақып Дулатұлын шоқантанудың басында тұрған ғалым деп санайды. Не себепті?

— Міржақып Дулатұлы — Абылай хан туралы көлемді мақала жазған Шоқаннан

болған қырық сегіз жыл Көкшетауда». Осы арқылы Абылай ханның XVIII ғасырда туып, Көкшетауда қырық сегіз жыл хандық құрғанын нақты айғақтайды.

«Қызылжардағы «Абылайдың ақ үйі» қашан, қандай мақсатпен, кім салып берген?» деген мәлімет те осы мақаласында нақтылап көрсетіледі.

Сол сияқты Алаш арысының «Эсперанто тілі», «Ғабдолла Тоқаев», «Жер аудару», «Қазақ жайлы», «Қазақта муфтилік мәселесі», «Құлдар достығы», «Тірі жүк» атты мақалалары да өте құнды. Өйткені бұл еңбектер XX ғасырдың басындағы саяси-әлеуметтік, ғылыми, әдеби мәселелерді қамтып қана қоймай, нағыз деколониялық ұстанымның көрінісі болды. Ол қазақты тек ағартуға шақырып қана қойған жоқ, ұлттың намысын оятуға тырысты.



Абай сынды ақынның қадірін білмеу — қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды, себебі қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы — тарихы, әдебиеті жоқтығынан.



кейінгі екінші тұлға. Оның «Хан Абылай» мақаласында хан туралы деректер әдеби мәтіндермен дәлелденген. «Кеше Кенесары заманында шыққан Тобылбай бидің баласы Арыстан ақынның айтқаны да бар: «Қылады Макаржада байлар сауда. Топ бұзар батыр жігіт қалын жауда. Сұрасаң Абылайдың тұрған жерін, Хан

Міржақып Дулатұлын біз не себепті шоқантанудың басында тұрған ғалым дейміз? Өйткені ол алғашқылардың бірі болып, Шоқан туралы жүйелі зерттеу жазған. «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан» атты мақаласы 1914 жылы «Қазақ» газетінің №71, 73, 76–77 сандарында жарияланды. Бұл — Шоқанның қайтыс болға-

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ – 140

20 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

нына 49 жыл толуы қарсаңында жазылған дүние. Мақала «Шоқанның кім екенін көп қазақ білмейді» деп басталады. Осы сөздің өзі-ақ Міржақыптың мақсаты — ұлтқа Шоқанды таныту екенін көрсетіп тұр. Ол Шоқанның ата-тегін, ана-тегін, оқыған мектебін, ғалым ретіндегі еңбегін нақты деректерге сүйеніп баяндаған. Тіпті, Міржақып Потаниннің Шоқан туралы айтқан сөзін де мысалға келтіреді: «Орысша оқыған қазақтың ең есті, артына кітап қалдырғаны — осы Шоқан».

«Шоқан қандай азамат болды?» деген сауалға М.Дулатұлы Потанин сөзімен жауап беруге тырысады: «Потанин жазды: «Шоқан өз жұртын өте сүйішті еді, қолынан келсе, жақсылық қылу, қазақ халқының кемшілігі үшін қызмет ету оның бар мақсаты еді». «Мен ең әуелі қазағымды жақсы көремін, онан кейін Сібірді, онан кейін Россияны, онан кейін бүкіл адамзатты жақсы көремін. Орыс қазақты сабап жатса, мен қазаққа болысамын. Егер орысты француз сабап жатса, менін жүрегім орыс жакта», — деуші еді Шоқан. Шоқан шешен, өткір тілді, өшіккен кісісін әзілмен, сықақпен кемігіп тастайтын еді. Шоқанның мінезінде Пушкин, Лермонтовтардың мінезін еске түсірерлік белгілер бар еді. Заманында қазақтан оқушы болса, Шоқан қазақ

болды. Екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың дана «Қазақ» нөмірі тарады. Жаңа емлемен 15-тей кітап шықты. Бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрі қазақ арасына тарап жатыр. Бұл емлені то-



зерттеу деуге болады. Мұнда ағартушының туған жері, оқу жолы, шығармашылық қызметі, ататегі түгел қарастырылған. Ахан ақталған кезде жіберілген қателіктің арқасында бізді күні бүгін шатастырып келе жатқан туған жылына қатысты дерек, бұл жерде дұрыс берілген. Аханның әкелерінің текті істері, өзінің жастай кедейліктен көрген тауқыметі, бірақ білім арқылы қасіреттен құтылғанын нақты көрсетіп береді. «Ахан қандай білім алған?» деген сауалға жауапты да осы зерттеуде табасыз. Ғылыми еңбектерімен қатар, Аханның ақындығы, аудармашылығы нақты талдаулар арқылы айқындалған.

«Через всю литературную деятельность Ахмета Байтурсынова красной нитью проходят беспощадная критика и строгий анализ царской политики и протест против нее». Бұл — жазбадан үзінді.

Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлы ерекше дарынды көсемсөзші екені, «Қазақ» газетін ашқаны үлкен азаматтық іс ретінде айтылады. Аханның

— М.Дулатұлының «Қазақ халқының бас адамдарына» атты мақаласында (Азамат Алашұлы. «Айқап» 1911. №7) : «Біздің әрбір ісіміздің негізі бос, өмірі қысқа. Оқығандарымыз бар — қалтасы тесік, байларымыз бар — төбесі тесік. Екеуі бір жерге желімдесе де қосылмайды». Алашқа жаны ашыған тұлға осы екі қауымның басын қосуды меңзейді. Биік дәрежедегі жігіттеріміз бен қазақты билеп, жұрт ағасы болып келе жатқан ел ішіндегі жақсыларға қаратып айтқан сөздері бүгін де күшін жойған емес: «Қазақ халқын жетектеп жарық дүниеге шығарушы қаһармандарға мұқтажбыз», — дейді Алаш ғалымы. Осыдан 100 жыл бұрын айтылған бұл сөздер әлі де құнды, мазмұнын жоғалтпаған деп айтуымызға болады.

«Оян, қазақ!» деп ұлтының еңсесін көтерген алаш ардақтысының ғылыми мұрасы — бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан ғылымына қосылған сүбелі үлес. Қазақ тіліндегі тұңғыш оқулықтар — «Есеп құралы» мен «Қирағат» кітабының авторы ретінде ол ұлттың тарихын, тілін, әдебиетін тарихи контексте терең қарастырып, негізгі тұлғалары туралы құнды зерттеулер қалдырды. Міржақып Дулатұлы — отарлық үстемдікке қарсы күрескен Алаш саяси элитасының өкілі ғана емес, қазақ тілінде математиканы сөйлеткен, тілді, әдебиетті, тарихты, көсемсөзді осыдан 100 жыл бұрын-ақ деколониялық тұрғыда қалыптастырып берген ғалым.

*«Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емесің жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғаниша жарты жаңқам мен сенікі —
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!
Тамшылап көзден аққан бұл суық жас,
Балқытып қашан ерітер жүректі тас?
Қаламнан жылап аққан қара бояу,
Жазылып қағазға, сен жұртқа қыл паш».*

Бар жігіттік ғұмырын қазіргі Тәуелсіздігіміз үшін күреске арнаған, елу жасқа да толмай біздің бүгінгімізді армандап өткен аяулы Міржақып Дулатұлының ғылыми мұрасы енді ғана оқытылып жатыр. Мұның бәрі ғалым мұрасының қазіргі заманға да қажетті болғандығынан! Нағыз ғалымның хаты өлмейді екен: Міржақып Дулатұлының ғылыми мұрасын өзіне заманауи ұстаным санайтын қазіргі студенттеріміз «осыны бізге мектепте неге оқытпаған» деп өкінеді.

«Мен жастарға сенемін!» деп Мағжан мензеген келешек ғылыми, интеллектуалды элитамыз Алаштың отаншыл, мемлекетшіл ұстанымын өздеріне басты ұран етіп алатындай.

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

ЖАҢҚАМ МЕН СЕНІКІ, ЖАРАСА, АЛАШ!

халқының данышпан жазушысы, қазақ әдебиетіне бірінші негіз құраушы болмақ еді, бірақ заман һәм тағдыры оға қылмады, Шоқан арманда кетті...».

Міржақып Дулатұлы шоқантанудың ғылыми негізін тұңғыш рет осылай қалыптастырды. Бұл бағыттағы жұмысты Совет кезінде тек Әлкей Марғұлан ғана жалғастырды. Қарап отырсаңыз, күні

сырқап, «түсінбейміз, оқи алмадық» деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ» емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ» нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екіжылдық ғана қызмет, иншаллаһ. Мұнан кейін артпаса, кемімес деген үміт зор».

тілтану, әдебиеттану ғылымдарының қалыптасуына себеп болғанын да жаза кетеді.

Алаш арысы өз мақаласында: «В результате научно-педагогических трудов Ахмета Байтурсынова мы имеем казахскую азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию казахского языка, теорию словесности и историю культуры. Этим кропотливым трудом Ахмет Байтурсынов поднял казахскую словесность на высокую ступень и заложил прочный фундамент для национальной школы и родной литературы» деп жазады. Бұл мақаланың орыс тілінде жазылуы — жалпы жұртқа таныту үшін екені анық. Бүгінгі ахметтанушылар қолданып жүрген мәліметтер толығымен осы зерттеудің негізінде екені де айқын.

— Ақын арманы қандай еді? Алаш арысы аманат еткен сол арманға жете алдық па?



Міржақып Дулатұлы шоқантанудың ғылыми негізін тұңғыш рет осылай қалыптастырды. Бұл бағыттағы жұмысты Совет кезінде тек Әлкей Марғұлан ғана жалғастырды. Қарап отырсаңыз, күні бүгінге дейін қазақ ғылымында екі-ақ кәсіби шоқантанушы болғанына көз жеткізесіз.



бүгінге дейін қазақ ғылымында екі-ақ кәсіби шоқантанушы болғанына көз жеткізесіз.

— Ал қайраткердің ахметтану ісіндегі еңбегі қалай көрінді?

— Міржақып Дулатұлы Алаштың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының емлесін қолдауға өзін міндетті санаған. Ол кезде жазу, емле мәселесі — жай ғана тілдік мәселе емес, ұлттың тағдырын шешетін үлкен идеологиялық майдан болатын.


«Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері ылғи қазақша жаза бастаған Байтұрсынұлы қазақ емлесін шығарды, оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде «Қазақ» газетасының тіл, емле туралы қылған қызметі көзге көрінерлік

Міржақып — қазақ әдебиеттану ғылымында ахметтанудың да негізін осылай қалыптастырған ғалым. «Ахмет Байтұрсынов» (М.Дулатов. Биографический очерк. Труды общества изучения Киргизского края. Вып. III. Оренбург, 1922) атты орысша мақала Ахмет Байтұрсынұлы 50 жасқа толу мерейтойына арналып, орыс тілінде жазылған. «Ақжол» газетінде М.Әуезов мақаласымен қатар басылған бұл мақала — алғаш ғұмырнамалық дерегі мол зерттеу. Ахмет Байтұрсынұлының туған жері, оқу жолы, шығармашылығы, ататегі толығымен қарастырылған. «Ақжол» газетінде Мұхтар Әуезовтің мақаласымен қатар жарияланған бұл еңбек — Ахмет Байтұрсынұлы туралы алғаш жазылған, дерегі мол ғұмырнамалық



ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

20 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ



Дамыған мемлекеттер жасанды интеллект дәуіріне әлдеқашан қадам басты. Еліміз де жаңашылдықтан қалмай, ЖИ игілігін көрмекке талпыныс жасап келеді. Соның дәлелі – кеше ғана құрылған Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі.

А Айсұлу СЪЕЗХАН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты халыққа Жолдауында Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру жөнінде тапсырма бергені белгілі. Президент мақсаты – елді 3 жыл ішінде жаппай цифрлы мемлекетке айналдыру. Жақында Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы құжатқа қол қойды. Құжатқа сәйкес, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі болып қайта құрылды.

Ал инновациялық қызмет саласындағы функциялар мен өкілеттіктер Ғылым және жоғары білім министрлігіне берілген. Министр Саясат Нұрбектің мәліметінше, инновациялық гранттар бөлу, өнеркәсіптік инновациялық жобаларды қаржыландыру, инвестициялық қорлар құру, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту, акселерация және бизнес-инкубацияны жүргізу, білім беру және ғылыми-технологиялық бағдарламаларды енгізу істері енді Ғылым және жоғары білім министрлігінің құзырында болады. Ал жана министрлікті кім басқаратыны әзірге жарияланбады.

ЕРТЕ БАСТАЛҒАН ҮДЕРІС

Бүгінде әлемнің бірқатар елі ЖИ технологиясына ерекше мән беріп отыр. Біріккен Араб Әмірліктері, Қытай, Эстония және Тәжікстан білім беру бағдарламасына да өзгеріс қосып, мектеп оқушыларына ақылды жүйе негізінде арнайы пән оқытуды міндеттеді. Қазақстан ЖИ министрлігін құрған алғашқы ел емес. БАӘ ЖИ министрлігін алғашқылардың бірі болып 2017 жылы ұлттық стратегия негізінде ашқаны бар. Абу-Даби билігі 2027 жылға дейін «ЖИ-ға негізделген әлемдегі алғашқы әрі толыққанды Үкіметке» айналуы көздейді.

алады. Бұл су шығынын азайтып, үнемдеуге мүмкіндік береді. Егістік жағдайын талдап, қай жерге қандай дақыл егу тиімді болатынын анықтайды, егіс мерзімін, тыңайтқыш мөлшерін, аурулар мен зиянкестердің тарау қаупін алдын ала анықтайды. Сонымен қатар ЖИ арқылы су тапшылығы бар өңірлерде тамшылатып суару, құрғақшылыққа төзімді дақылдарды қолдану, агротехниканы оңтайландыру сияқты шешімдерді автоматты түрде ұсынуға болады, – дейді ол.

Сарапшы тиімді агротехнологияларды пайдаланып, жоғарыда айтылған жағдайға жіті мән берсе, шығын азайып, өнім көлемі артып, судың әр литрі тиімді жұмсалатынын түсіндірді. Мұның бәрі министрліктің сапалы жұмысына тікелей байланысты екенін айта келіп, ұсыныс-тілегін де жеткізді.

– Ауыл шаруашылығы деректерін бірыңғайландырып, фермер-

депутат Асхат Аймағамбетовтің төрағалығымен «Әлеуметтік салада жасанды интеллектті қолдану» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Денсаулық сақтау министрлігі алдағы үш жылдық бюджет аясында 2026 жылға дейін ЖИ мен телемедицинаны дамытуға 500 млн теңге бөлуді жоспарлаған. Бұл жаңалықты естіген «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нартай Аралбайұлы жасанды интеллектті енгізуге қатысты шешілмеген мәселе көп екенін тілге тиек етті. Ол интернеттің әлсіздігі, медициналық мекемелердегі ескірген серверлер, сапасыз мәлімет базасы, білікті мамандардың тапшылығы, клиникалық хаттамалардың әлі күнге цифрлық форматқа көшірілмеуі сияқты мәселені атап айтты.

– Денсаулық саласына ЖИ-ді енгізген күннің өзінде орталықтан шалғайда тұратын, шекаралық елді мекендерде өмір сүретін ағайын қашанғыдай игіліктен құр қалайын деп тұр. Ал алыстағы азаматымызды аман алып қалу үшін телемедицина мен ЖИ-ді қолданамыз десек, алдымен Қазақстанның түкпір-түкпірін сапалы интернетпен қамтамасыз ету қажет. Оған ведомствоаралық бірлік пен біріккен қадамдар қажет. Себебі қазіргідей тапшылық кезінде елдің барлық аумағына сапалы интернет тартуға бюджеттен қаржы бөліне ме? Бұл – үлкен сұрақ, – дейді Н.Аралбайұлы.

Расымен де, ЖИ технологиясы деп аспанға құлаш ұрғанымызбен, шалғайдағы халыққа жайлылық болмай ма деген қорқыныш бар. Ангиохирург, флеболог Әлібек Абайұлы ауыл, аудан, тіпті қалалық жерлерде де медици-

ЖИ министрлігі құрылса, қарапайым мәселелерді жылдам шешкені дұрыс. ЖИ технологиясы ем алушылардың кезек күтуін азайтуға көмектесіп, дәрігерлердің жұмысын оңтайландыра алады. Кезекке тұру, дәрігерге жазылу, вакцина алу уақытын белгілеу, стационарда жұмыс істейтін мамандардың қағазбастылығын азайту, клиникаға хабарласқан пациент қандай дәрігерге бару керегін нұсқау секілді қажеттіліктерді ұйымдастыруға ЖИ-дің көмегі керек. Бұл дәрігердің артық жұмыстан босап, ары қарай науқасқа көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік береді, – дейді Ә.Абайұлы.

Ангиохирург дәрігер айтқан жайттар реттелсе, халыққа қолжетімді болу үшін елді толық интернетпен қамтамасыз ету керек. Ал депутат Н.Аралбайұлы интернетке қосылған аймақтарда орналасқан медициналық мекемелердің өзінде серверлердің ескіргені, базалардың есептеу қуаттылығының жеткіліксіздігі, ақпараттық жүйелердің бытыраңқылығы және интеграцияның бірыңғай стандарты жоқ екенін мәлімдеді. Демек, жаңа бастаманың әсерінен қордаланған мәселенің өзі-ақ қопарылып шыға бастады.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АДАМ ОРНЫН БАСА АЛМАЙДЫ

Ә.Абайұлы ЖИ жүйесін медициналық қызметтерді ұйымдастыруды оңтайландыруда ғана қолданып, ал дәрігер тек ЖИ-ға көмекші құрал ретінде қарап, өзіне сенуді, білім-білігін дамытуды ойлау керегін айтты. Оның баяндауынша, қазір дәрігердің бақылау-басқаруымен робот-аппараттар ота жасап жатыр. Дәрігер бір қалада отырып, басқа қаладағы роботты пульспен басқарып ота жасай алады. Америка, Қытай медицинасында Da Vinci деген робот-хирург жұмыс істейді, соған ұқсас құралды Астанадағы Ұлттық нейрохирургия орталығынан таба аласыз. Ғалымдар сол аппаратқа ЖИ технологиясын кіріктіріп, енді науқастарға дәрігердің көмегісіз де ота жасап жатыр. Қытайда дәл сондай технологиямен науқасқа холецистэктомиа жасаған, яғни өттегі тасты алған екен.

– Басты принципім – ЖИ дәрігерге тек қосымша құрал ретінде қарау. Дәрігер – адам баласы, адамда интуиция, эмоция бар, ЖИ мұны жеткізе алмайды. Екіншіден, ЖИ-ға көптеген алгоритм қосу керек. Хирургия саласында қаншама экстремал жағдай болады. Мұндайда тез шешім жасау керек, оның бәрі дәрігер үшін тәжірибемен келеді. ЖИ отаны 100% сәтті жасай алмайды. Өзім тамырдың хирургі болғандықтан, әр адамның анатомиясы, ішкі органы, тамырлар жүйесі әртүрлі екенін жақсы білемін. Тамырдың әртүрлі комбинациясы болады, сондай жағдайда ЖИ қателесуі әбден мүмкін. Ол қателік өте ауыр кеселге әкеп соқтырады, бұл медициналық мекемеге де, науқасқа да оңай емес, – деді Ә.Абайұлы.

Ерте ме, кеш пе ЖИ жүйесімен достасу заман талабы болып қала бермек. Дей тұрғанмен, жаңа дәуірге аяқ басамыз деп жүріп, өзге түйткілдерді естен шығармаған дұрыс.

МИДЫ ҚОЗҒАЙТЫН ЖИ

Бәрінен бұрын айды аспанға шығарған Албания билігі болып тұр. Dielle – Албанияның Ақпараттық қоғамның ұлттық агенттігі жасап шығарған жасанды интеллект. Мемлекет Еуропалық одаққа кіру, цифрлы елге айналу, сыбайлас жемқорлықты азайту сынды мақсатқа жету үшін жасанды интеллектіні министр ретінде тағайындаған. Қазір ол мемлекеттік сатып алуларды қадағалайтын жасанды интеллект-министр ретінде қызметін бастап кетті. Есімі албан тілінде «күн» деген мағына беретін министр 2025 жылдың қыркүйегіне дейін 36 мыңнан аса құжат жүргізу мен 1 мыңға жуық қызмет көрсетуге көмектескен.

СУ ҮНЕМДЕУ МӘСЕЛЕСІНЕ ДЕ АРАЛАСҚАНЫ ЖӨН

«Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі немен айналысады?» деген сұрақ бәрінің көкейінде қалғаны рас. Біз ЖИ құралын өз саласында қолданып жүрген мамандардың жана министрліктің жұмысына қатысты ұсыныс-пікірін білуге тырыстық. Агро-сарапшы Қайрат Сұлтанбек ЖИ технологиясын пайдалану арқылы елдегі көптеген проблеманы шешуге болатынын айтады. Егер министрлік дұрыс сипатта жұмыс жүргізсе, Қазақстан ауыл шаруашылығы саласында суды үнемдейтін, өнімі жоғары, қаржылай тұрақты жүйеге ие елге айналатынын жеткізді.

– Ұсынысым, министрлік тек IT саласы немесе цифрлық білімге көңіл бөлмей, агроөнеркәсіптік кешеннің цифрлық трансформациясына нақты жауап беретін құрылым болуы керек. Бүгінде еліміздің ауыл шаруашылығы ішкі нарықты толық қамти алмай отырғаны рас. Басты кедергінің бірі – өнімділіктің төмендігі мен су тапшылығы. ЖИ бұл мәселелерді шешуде бірнеше бағытта нәтижелі жұмыс істей алады. Мысалы, ЖИ жер серіктерінің және климаттық деректерді талдап, нақты қай аймаққа қанша су қажетін болжай



лердің жер, техника, өнім, климат бойынша деректері бір платформада жиналып, талдануға тиіс. Агроинновацияларды қолдап, ЖИ-ді енгізу үшін стартаптарға, ғылыми-зерттеу институттарына грант және қаржыландыру тетіктерін арттырған жөн. Су және жер ресурстарына мониторинг жүргізіп, дрон, спутник, сенсорлық жүйелер арқылы ел көлемінде нақты карталар жасау керек. Фермерлерге онлайн кредит беру, агросактандыру, форвардтық келісімшарттар сияқты құралдарды ЖИ-мен интеграциялау маңызды. Ең негізгісі – кадр дайындау мәселесі. ЖИ-ді ауылдағы агрономнан бастап мемлекеттік қызметкерге дейін қолдана алатындай білім беру жүйесін құру қажет, – деді сарапшы.

ШАЛҒАЙДАҒЫ АҒАЙЫНҒА ИНТЕРНЕТ КЕРЕК

Жақында Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінде

Сарапшы тиімді агротехнологияларды пайдаланып, жоғарыда айтылған жағдайға жіті мән берсе, шығын азайып, өнім көлемі артып, судың әр литрі тиімді жұмсалатынын түсіндірді.

на саласын ұйымдастыруда мәселенің көбін айтты.

– Қазір дәрігерлердің толтыратын қағазы көп, науқастар бізге дұрыс көңіл бөлмейді деп шағымданады, пациенттер ұзын-сонар кезектен шаршайды, уақытылы дәрігерге қарала алмайды. Егер

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

20 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Қазақ поэзиясының ақтаңгері, ұлт руханиятының ұлы сарбазы Несіпбек Айтұлының ұлт әдебиетінде алар орны биік. Ол жазған өлеңдер мен әндер күні бүгінге дейін көптің жадында. Ақын жайлы естеліктердің мәні бөлек. Биыл ақынның туғанына 75 жыл толады. Мерейтой аясында жұбайы Манат апа ғұмырының 55 жылын ақынмен бірге өткізген күндерін тебірене еске алып, ақынның асыл бейнесі мен адами болмысын, әдеби ортаның ыстық-суығын, дос-жаранмен өткізген шуақты шақтарын шынайы әңгімелеп берді.

— Несіпбек аға бір сұхбатында: «Ақынның әйелі ақын болмаса да, ақындыққа жақын болады. Күнде өлең оқи берсе, келмей, қиыспай тұрған жерін біліп алады. Әрине, өлең жазған соң ең әуелі әйеліңе оқисың, қабырғаға оқымайсың ғой... Мен өзі 18 жасында, 1968 жылы үйленгем...» деп айтады. Сіз сол кезде қанша жаста болдыңыз?

— Ағаң екеуіміз құрдаспыз. Мен де сол жастамын. Біз Тарбағатайда бір ауылда, бір мектепті бітірдік. Бірақ ағаң менен бір жыл кейін бітірді. Мектеп бітіріп, Семейге оқуға кеткен едім. Ағаң артымнан келіп, алып кетті. Ауылда екеуіміз бір жылдай тұрдық. Сосын ол Алматыға оқуға түсті. Сөйтіп, Алматыдағы ғұмырымыз басталды.

— Аға сізге сезімін қалай білдірді?

— Ол кездерді қыз балалар өте тұйық болатынбыз. Ер баламен сөйлесуге ұяламыз. 7-сыныптан бастап өлеңмен хат жаза бастады. Хатын оқимын, жауап бермейтінмін. Маған жіберген өлеңдерін қайда қоярымды білмеймін. Жыртып тастауға тағы қимаймын. Өзінен кейін оқитын төменгі сыныптың балаларынан беріп жібереді. Көрші үйдің кішкентай баласы бар еді. Сол — негізгі хат тасушы. Кейде, мектептен шыққан кезде аңдып тұрады. Көп жағдайда хатқа жауап бермейтінмін. Бір өкінетінім, сол хаттарды сақтай алмадым. Қазір кейбірі есімде де жоқ.

— Алматыға бірге келдіңіз. Үй-жай жоқ. Пәтер жалдайсыздар. Ол кезде аға студент болды ма?

— Біз Алматыға келгенде күз айы болатын. Тұрсын ағаларын (Жұртбай) бар, үшеуіміз Алматының бір шетінде тұрамыз. Қазіргі Аксай, бұрынғы Дружбада бір бөлмелі пәтер жалдадық. Тұрсын ол кезде әлі үйленбеген, үйден кісі үзілмейді. Студенттер, құрдастары, ауылдан келімді-кетімді кісі бар, аядай бөлме бөрімізге жететін.

— Тұрсын аға екеуі бала кезден дос болды ма?

— Екеуі де шығыс жақтың тумасы. Ерте кезден араласты. Әлі күнге дейін достығымыз үзілген жоқ. Бір-бірімізбен туыстай болып кеттік. Балаларымыз да бір-бірімен жақын араласады. Жүрсін Ерман, Жанболат Аупбаев — жақын достарымыз. Олар да сол студенттік шақтан бері бірге келеді. Жәнібек Көрменов ол кезде жасы үлкен, үйге жиі келіп тұратын. Әдемі қоңыр дауысымен ән шырқағанда бөріміз ұйып тындайтын едік. Жәнібек Алматыға ертерек келген, КазГУ-ге жақын манда пәтері болды. Сонда да біздің үйімізден шықпайтын еді. Біз де анда-санда барып, Жәнібектің анасының шайын ішіп қайтамыз. Сырбаз, жаксы адам еді. Мұхтар Мағауин, Рымғали Нұрғали ағалармен жақын араласты. Ағаларымыздай болған жандар еді. Олар да Несіпбекке көп қамқорлық танытты. Сол бір бөлмелі пәтерімізге кім қонақ болмады дейсіз. Кіл мықтылардың бәрі дәм татты. Университетте кураторы болған Әбілғайыз Ыдырысов аға мен жеңгей де жаксы кісілер еді. «Қыз Жібектің» ариясын айтып, концерт беретін. Адамгершілігі жоғары жаксы адам еді марқұм.

Манат ЖҮКЕНҚЫЗЫ,
ақынның жары:

Жүрегім ҚҰС БОП ҰШЫП КЕТТІ БІРГЕ...



— Несіпбек аға үйдің үлкені болыпты. Білуімізше, аға көп ағайынды, әке-шешесін де кейін қалаға көшіріп алған дейді.

— Несіпбек — 9 ағайынды, өзі үйдің үлкені. Атамыз жалғыз бала болыпты. Өзі пәтерде жүрсе де, екінші курста оқып жүргенде ауылдан Алматының маңайына көшіріп әкелді. Басында Ұзынағашта тұрды, кейін Тұздыбастауға орналастырды. Олар мал бағып жүрген кісілер ғой, ауылдан ұзап шықпаған. Тұрсын күлетін: «өзің студентсің, қалай көшіріп әкеліп жүрсің?» деп. Пәтерде жүрсе де, бауырларының бәрін жеткізді.

— Несіпбектің алғаш өлеңіне баға беріп, газетке жариялаған Мұқағали Мақатаев екен. Бұл туралы естеліктерінде де жиі жазады. Мұқағали ағамен де жақын аралас-құралас болдыңыздар ма?

— Бетпе-бет кездескеніміз болмаса, бір дастарқанда отырған жоқпын. Редакцияда істейтін кезінде көп көріп, араласып жүретін. Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза Әлі ағалармен де жақын араласты.

Исраил Сапарбаев жиі кеп тұратын. Шымкенттен келгенде, бірінші үйге соғатын еді. Кіші қызымыз туғанда есімін Исраил аға «Айжүрек» деп қойды. Ол кезде мұндай есім ешкімде жоқ, қырғызда «Айчөрек» деген бар екен.

— Қасым (Аманжолов) ағаны ерекше қадір тұтқанын жазғаны бар. Ол кісіні көре алған ба?

— Жоқ, ол кісінің өлеңдеріне ғашық боп, құмартып өскен. Оның үстіне, Қасым ағасы ғашық болған қыздар мектепте сабақ беріпті. Мұның да Қасым ағаны жаксы көруіне септігі тиген секілді. 3-курста оқып жүргенінде «Балдырған» жур-

налында жұмыс істеді. Мұзафар Әлімбаев жұмысқа алды. Түске дейін сабаққа барады, түстен кейін жұмыс істейді. Онда біздің балаларымыз бар. Мұзағаң да — ағаларыңның өмірінде ерекше ізі қалған жаксы адамдардың бірі.

— Ең жакын достары кім?

— Жүрсін Ерман, Тұрсын Жұртбай, Жанболат Аупбаев. Профессор Құныпия Алпысбаев ағаларыңмен жаксы араласты. Қажытай аға Илиясов бар. Ол кезде үлкен-кішіге қарамайды. Бәрі бірдей араласатын. Баянғали Әлімжановпен бауыр боп араласты. Кейде олар таңғы сағат 3-4-те де келе беретін. Таңды таңға жалғап, әңгімелеседі. Марқұм Асқар Егеубаевпен бірге бір пәтерде тұрдық. 3-4 отбасы болып, бірге тұрған кездеріміз де бар. Жаспыз ғой, бірақ олар ішімдікке жоқ болды, есесіне шахмат ойнап, әңгімелесіп отыратын.

— Несіпбектің айтқаны бар: «Ақын деген — көңіл күйдің адамы. Мұнайып отырсаң, мұнды өлең туады, шаттанып отырсаң, шаттық өлең туады» деп. Сондай сәттері көп болды ма?

— Әрине. Ақын деген қызық халық қой. Көңіл күйі құбылып отырады. Бірде жайрандап отырады да, кейде мұнайып қалады. Мінезі жылдам, тез ашуланып, тез қайтады.

— XX ғасырдың 60-70-жылдары әдебиетке келген қаламгерлердің бағына сай қаламақы өте жаксы болды. Несіпбектің заманы тәуелсіздік алған 90-жылдарға тұспа-тұс келді. Сол кездері қайтіп күн көрдіңіздер? Кітап сатып байыған жоксыздар ма?

— Жалақымен күн кешті ғой. Алғашқы жылдары айлық аз болған соң кешкісін көлігімен кісі тасиды. Жалғыз жүруден қорқады: бір күні ұлын, бір күні қызын отырғызып

алатын. Кейде мені ертіп алады. Ұсақ тыын-тебенін бермей кететін адамдар да болды. Күнделікті тіршілік қой, бірақ жұмысын да, өлеңін де тастамады.

— Ақындардың жазу стилі қызық қой. Аға өлеңді қай кезде жазатын еді?

— Көбіне түнде жазады. Көп аударма жасады. Науаидың өлеңдерін аударды. Соның көбін түнде істеді. Өйткені күндіз жұмыс істеді. Ағаң өте қонақжай адам еді. Үйімізден кісі арылмайтын. Көрші орыс апай бар еді. Сол кісі мені көрген сайын: «Үйлеріңе кісі көп келеді. Қалай асырайсындар?» деп күлетін. Қонақтарды жайғастырып барып таңға дейін жазумен отыратын. Науаидің өлеңін аударып, таңғы 5-те бітіргенде қатты қуанып еді.

— «Үйден кісі арылмайтын» дейсіз. Шығармашылық адамдары жиі келе ме?

— Қаламгер достары, жолдастары, ақын-жазушы інілері көп қой. Туыстар да жиі келеді. Кімді таниды, соның бәрін ертіп келе беретін.

— Несіпбек аға бір сұхбатында: «Менің әйелім өлеңдерімнің алғашқы оқырманы болып келе жатыр. Кейде дұрыс емес жерін түзейтін де болып алды» деп айтады.

— Ондай жас кезімізде болды. Бірақ кейінгі жылдары маған келіспей, «өй, сен» деп шыға келетін болған соң қойдым ғой. Басында түзей қалсам, қабылдап жүретін. Кейінгі кездері көбірек поэма жазды. Ал мен қысқа өлеңдерін оқитынмын.

— Алматыдан Астанаға көшулеріңізге не себеп болды?

— Ол кезде біраз әдеби орта сиреп қалды. Көбі Астанаға көшіп кетті. «Ел Астанаға көшіп жатыр, біз жұртта қалып қойған адам сияқтымыз ғой» деп едім, «Ой, не істейсің, жүре берейік» деді. Көктем уақыты еді, аяқ астынан Астанаға кетті. Сол жолы Астанаға көшетін боп шешім қабылдап келді. Сөйтсек, Иманғали «Астанаға кел» деп шақырыпты. 1 мамыр кезі еді, бірден тіркеуден шығып, көшіп кеттік. Ақселеу аға Еуразия университетінде жұмыс істейтін еді, сол кісінің қасына барып, жұмысқа тұрды. Кейін Сәкен Сейфуллин мұражайына директор болды. Мұражайда 10 жылдан астам жұмыс істеді.

— «Сонғы 7-8 жылда жазылған өлеңдерімнің көбі ешқайда жария-

ланған жоқ. Кейде қалың қағаздың арасынан тауып алып, қуанып жүрем. Жазамын да тастай салам. Әнеу күні біраз өлеңімді тауып алдым. Сөйтсем, жазғам да ұмытып кеткем. Түнімен жазып-жазып, бір жерге қоя салғам, солай қалған. Солардың бәрін жинасам бір кітап шығатын түрі бар. Мен кітап шығару жағына келгенде салақ адаммын» дейді. Ағаның еш жерде жарияланбаған өлеңдері көп пе?

— Жарыққа шықпаған өлеңдері жоқ. Бәрі жарияланды деп ойлаймын. 10 томдық жинағын шығарамыз деп ойлап едік. Оған биылғы 75 жылдығына үлгермеді.

— Қолжазбалары, естеліктері қалды ма?

— Иә, қолжазбалары бар. Кейінгі жылдары машинкамен басатын болды. Көп кітабын мектептерге өзі бар кезде беріп жіберген. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғысөзімен «Хамса» деген аударма кітабы шықты. Науаидің шығармаларын қазақшаға аударған жалғыз қазақ. Әлішер Науаидың 5 хамсасы бар, соның үшеуін аударды. «Ләйлі-Мәжүн» жеке кітап болып шыққалы жатыр.

— Несіпбек Айтұлының сөзіне жазылған танымал ән көп. Елге белгілі әншілер орындап жүр. Аға сөз жазуға ұсыныс көп түсетін бе еді?

— Ағаң бірінші әнді тындайтын. Содан кейін ғана сөзін жазады. Тұрсынжан Шапайдың әндеріне көп жазды. Қағазға жазады, ұнамаса жыртып тастайтын. Кейін қайта отырады. Жолдың бойында, көлік ішінде шығарған сөздері де бар. Қазір кей әндерді Рамазан Стамғазиев орындап жүр. Одан бөлек, әншілердің орындауында айтылып жүрген әндер көп. Жинақтап қарасак, 67 ән бар екен. Мұның бәрі қазір жиі орындалып жүр.

— 22 қыркүйек — ағаның туған күні. 75 жылдығына орай іс-шаралар өткізіле ме?

— Балалары естеліктер жинағын құрастырып жатыр. Жылдың аяғына дейін тұсаукесері өтетін болады. Әзірге жоспар көп. ҚазҰУ конференция өткіземіз дейді. Осында өзі жұмыс істеген Еуразия университетінде де бір іс-шаралар өтетін сияқты. Өзі 10 жыл қызмет атқарған Сәкен Сейфуллин мұражайына шақырып жатыр.

— Көп ақын-жазушы күнделіктерін, естеліктерін мемуар қылып, жариялап кетті. Несіпбек аға күнделік жазатын ба еді?

— Ол кісінің жазбасының бәрі — өлең. Мұқағали ақын айтқандай: «Күпі киген қазақтың қара өлеңін шапан жауып өзіне қайтарды». Мақалалары, баяндамалары «Сарайымнан шыққан сөз» деген кітабында жинақталып басылды.

— Ұрпақтарының арасында атасы секілді өлеңге құмар жан бар ма?

— Өлең жазатындай әлі ешкім жоқ. Кейінгі ұрпақтарының арасынан шықпаса. Үлкен ағамыз аңшы, атақты балуан болған кісі екен. Семейден шыққан Айбек Нұғымаров деген жігіт бар, сол кісі бізге жиен-шар боп келеді. Сол секілді ұрпақтарының арасында кейін ақын шығып жатса, құба-құп! Манайында жүрген талай ініге қамқор болды. Сол інілері ағаларын ұмытпай, хабарласып тұрады. Ағаң екеуіміз 55 жыл бірге тұрдық. Аяқасты ауырып, мені тастап кете барды...

Ұрпағы бар, хабарласып тұратын қаламдас іні-қарындастары бар, халқына қалдырған ұлы мұрасы бар, сол жанға қуат береді.

Сұхбаттасқан
Гүлзина БЕКТАС,
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

АГРОСЕКТОР

20 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Алтын күздің алғашқы айында Сыр маржанына орақ түсті. Берекелі кезеңде ел несібесін қамбаға құйып жатқан шаруашылықтар мол өнім алуға ниетті. Дегенмен, шаруалар биылғы науқанда кесе-көлденең кездескен қиындық көп болғанын жасырмайды.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Сыр дикандары үшін бұл кезең ала жаздай төккен тердің өтеуі, қайтар сәті саналады. Атыз жағалаған ағайынның биылғы басты мәселесі су тапшылығымен тікелей байланысты болғаны әмбеге аян. Жалпы, жылдағы дәстүрге сай дала еңбеккерлері егін науқанын ерте көктемнен тың серпінмен бастады. Биыл облыс бойынша 189,6 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары себілді. Ал оның 80,9 мың гектары күрішке тиесілі.

Негізінен, Сырдың басты өнімі суды көп қажет ететіні белгілі. Осы ретте биыл дала еңбеккерлерінің шаруасын дөңгелетуіне су тапшылығының салқыны аз тимегені айтылып жүр. Әсіресе, вегетациялық кезеңнің өте күрделі жағдайда өткені көпшілікке мәлім. Соған қарамастан, шаруашылықтар егінді төкпей-шашпай жинап алу қарекетіне кірісіп жатыр.

Шындығында, дарияның қазіргі күйін көрсен көңіл құлазиды. Сиракқа да жетпейтін Сыр суы саркылудың аз-ақ алдында тұр. Су тапшылығын еңсеруде мемлекеттің қолдауы кенде емес. Облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметіне сәйкес, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Үкімет резервінен 53 жылжымалы-дизельді насос алуға 1 млрд теңге бөлініп, насостардың алғашқы легін шаруалар игілігіне пайдаланған. Сонымен қатар су тапшылығын еңсеруде түрлі кешенді шара жүргізілген. Бұл жөнінде «Дала күні – 2025» күрішке алғашқы орақ салу рәсімінде Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мәлімдеді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы мен Үкімет басшысы Олжас Абайұлының, Үкімет мүшелерінің бастамасымен Сырдария өзенінің жоғарғы ағысындағы мемлекеттермен дер кезінде келіссөздер жүргізіп, үлкен қолдау жасалды. Төтенше жағдайлар министрлігі еліміздің барлық өңірінен 139 қызметкерден құралған жеке құрамды, 25 дизельді қондырғыны көмекке жеткізіп, екі ай бойы су тапшылығы қалыптасқан аумақтарда уақытпен санаспай жұмыс істеді. Сонымен қатар аймағымызда арнайы жұмыс топтары құрылып, суды тиімді пайдалану мақсатында егістікті кезектесіп суару мен қашыртқыдағы суды екінші рет пайдалануды жолға қойдық. Осындай қиындықтарға қарамастан, күріш көлемін барынша шығынсыз сақтауға қол жеткіздік. Дер кезінде қабылданған батыл шешімдер мен жүргізілген келіссөздердің арқасында егіс алқаптары сумен қамтамасыз етілді», — деді аймақ басшысы.

Дарияға су, КҮРІШКЕ

КҮЙ КЕРЕК



Сырдария өзеніндегі су тапшылығы — облыс қана емес, республика үшін өте өзекті мәселе. Бұл тұрғыда дария деңгейінің жыл санап төмен түсуі, Солтүстік Арал теңізінің саркылуы экологиялық ахуалдың асқыну қаупін тудырып тұрғаны ақиқат.

Тіршілік нәрінің қазіргі ахуалы алаңдатарлық күйде тұрғанын су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы да жоққа шығармайды. Инспекция дерегіне сәйкес, қазір Шардара қоймасындағы су көлемі 304 млн метр куб мөлшерін құрайды. Оның ішінде, қоймаға түсіп жатқан су көлемі 94,4 м3/сек, төменге тасталып жатқан су көлемі 30 м3/секундқа тең. Ал Көксарай су реттегішіндегі су көлемі 19,68 млн м3 шамасында екен.

«Әсіресе, Сыр өңіріндегі су тапшылығы вегетация кезеңінде қатты сезіледі. Биылғы ахуалдың алаңдатарлық күйде болғаны белгілі. Нақты кезеңде Қызылорда облысы шекарасына Көктөбе су бекеті арқылы секундына 54 м3 су өтуде. Бұл ретте Қызылорда су торабынан өзеннің төменгі ағысына жіберілген су көлемі 50 м3/секунд болса, Қызылорда су торабына дейін каналдармен алынып жатқан су көлемі 5,02 м3/секунд болып тұр. Сол сияқты Әйтек су торабынан өзеннің төменгі ағысына жіберілген су көлемі 30 м3/секунд, ал Қараөзек арнасымен 20 м3/секунд су жіберіліп жатыр», — дейді «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясы басшысының орынбасары Сейітқасым Абуов.

Жалпы, ежелден Сырдария Қырғызстаннан бастау алып, Тә-

жікстан, Өзбекстан аумағы арқылы шығыстан батысқа қарай ағып, Арал теңізіне құйылады. Алайда кейінгі жылдары Кіші Арал мен Арал маңындағы көлдерге судың түсу мөлшері кеміп кетті. Мамандар кейінгі 12 жылда теңізге құйылатын су көлемі 27 млрд текше метрден 20 млрд тек-



ше метрге дейін күрт азайып кеткенін алға тартып жүр. Ал дерекке сәйкес, Арал теңізін қалыпты деңгейде ұстап тұру үшін жылына кем дегенде 3 млрд текше метр су қажет екен. Негізінен, Сыр өңірінің экономикалық-экологиялық ахуалы Сырдария өзеніне және Арал теңізінің ахуалына тікелей байланысты екенін ескерсек, жағдайдың күрделеніп тұрғанын аңғару қиын емес.

Ішкі нарықты күрішпен қамтамасыз етуде Сыр өңірінің үлесі басым. Осы орайда күрішті өңір республиканың суармалы суының 30 пайыздан астамын тұтынып отырғаны жиі айтылады. Су мамандары тарапынан тіршілік нәріне тапшылықты тудырмау үшін күріш көлемін азайту және басқа да кешенді шараларды жүзеге асыру жайында пікір бар.

Алайда кейбір сарапшылар мұның кері әсері бар екенін алға тартады.

Сырдың топырағы тұзды скеледі. Егер күріш көлемін шамадан тыс қысқарту жұмыстары жүргізілсе, инженерлік жерлердің тұзданып, жарамсыз күйге жетуі бек мүмкін. Ал өңірде күріш өсірудің суармалы жерлерді тұзданудан сақтауға септігі зор. Сондықтан Сыр топырағына құрғақшылық, тұздылыққа төзімді дақылдар егу керек. Сонымен қатар жанбырлатып, тамшылатып суару, жоңышқа сынды дақылдарды егу де маңызды деген пікір қалыптасқан. Осы орайда тіршілік нәрінің тапшылығын болдырмау мақсатында суды үнемді пайдалануға негізделген түрлі тәсіл қолданысқа енгізіліп

жатыр. Оның ішінде, суды үнемдеу мақсатында жерді лазерлік тегістеу әдісі тиімділігін көрсетті. Бүгінде өңірде жерді лазерлік тегістеу арқылы суды үнемдеп қана қоймай, жоғары өнімге қол жеткізіп жүрген шаруашылық қатары аз емес. Сол сияқты суаруды автоматтандыру және есепке алу құрылғысын қолданысқа енгізген шаруашылықтар да бой көрсетті. Бұл тұрғыда облыстағы «Ер-Әлі» шаруа қожалығының жасап жатқан жұмысын ерекше атап өтуге болады.

Су тапшылығына орай тіршілік нәрін үнемді пайдалану тәсілдерін қалыптастыруда Қызылорда қаласындағы Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты маманы көп еңбекте-

дарынан бері күріш өсіруде суды үнемдеудің түрлі тәсілін терең зерттеп жүрген институт бірқатар жаңа сортты қолданысқа енгізді. Соның ішінде, суды үнемдеуге негіз болатын күріштің жаңа сұрыпын ойлап тапқанын сүйіншіледі.

Институт мамандарының мәлімдеуінше, «Сыр сұлуы» деп аталатын жаңа сұрып күріштің өзге түрлеріне қарағанда ерте пісіп, жетілуі арқылы ағын суды үнемдеуге сеп болады. Яғни, қолданыстағы өзге сұрыптар 120 күнде пісетін болса, бұл сұрып 90-100 күнде піседі. Осы арқылы аз судың өзін үнемді пайдалануға жол ашады деген пікірде.

Бұған дейін ресейлік күріш сұрыптарын жиі егіп жүрген шаруашылықтар биылдан бастап жаңа сұрыпты қолданысқа енгізе бастады. Жаңа сұрыптың суды үнемдеп қана қоймай, тұздылыққа, төмен температураға төзімділігімен де ерекшеленетіні айтылады. Институт ғалымдарының 15 жылдық тынымсыз зерттеуінің нәтижесінде, дүниеге келген жаңа сұрып 1 метрге дейін өседі екен. Биыл жергілікті климатқа бейімделген, суды аз қажет ететін күріштің жаңа түрін қолданысқа енгізгендер қатарында Қазалы ауданының үлесі басым. Қазалылық күрішшілер жаңа сұрыпты 781 гектарға егіп, оң нәтиже көрсеткенін айта кеткен абзал.

Жалпы, биыл Сырдария арнасының шамадан тыс тартылып, өзен жағасының тайызданып кетуі көпті толғандырып тұр. Егінді суару маусымы артта қалып, орақ салу науқаны басталса да, дария деңгейінің қалпына келмеуі мамандарды алаңдатып отыр.

Осы орайда өңірде дарияның тартылған табанын құмнан тазалап, тіршілік нәріне толтыруға негізделген бірегей жоба жүзеге асырылғалы жатқаны да мәлім болды. Нақты айтқанда, дария деңгейін көтеру мақсатында үрлемелі су тоспасын салу жобасы әзірленіп жатыр екен. Қызылорда облыстық Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасынан жоба төңірегінде жан-жақты сұрап көрдік.

«Дария деңгейін көтеруге бағытталған жұмыстар жөнінде әзірге нақты мәлімет болмай тұр. Жаңа жобаға келер болсақ, әлі де үрлемелі тоспа құрылысы мамандар тарапынан зерделеніп жатыр. Бірақ қаржы қаралған жоқ. Сол себепті тиісті жұмыстар қолға алынбады», — деп мәлімдеді басқарманың баспасөз қызметі.

Мамандар тарапынан жоба мақұлданып, алда су тоспасының құрылысы басталады деген үміт басым. Тың жоба сәтті жүзеге асса, келер жылы үрлемелі су тоспасының құрылысы қарқын алуы мүмкін. Осы арқылы бірінші кезекте жаз айларында Сырдария өзенінің Қызылорда қаласы тұсындағы деңгейін көтеріп, ұстап тұруға сеп болатынына сенім бар.

Қалай десек те, әзірге қаланың қорғаныс бөгетіндегі Сырдарияның демігіп жатқан сұрықсыз күйін жергілікті тұрғындар көріп жүр. Ал су тапшылығының азабын тартып, науқанды әуірімдеп аяқтаған шаруалар күріш жинау жұмысын қазан айының екінші онкүндігінен кешіктірмей аяқтауды көздеп отыр.

ТАНЫМ

20 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Тарихтың ақтаңдақ беттерінде ақиқаты ашылмаған дүние көп. Әсіресе, аңыз һәм ақиқатпен астасқан тарихи орындар аз емес. Есте жоқ ескі заманнан сыр шертетін мұндай мекендердің тылсым тұсы да жетерлік. Міне, сондай орынның бірі – Жамбыл облысы Жуалы ауданында орналасқан Баркуаб қалашығы.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Жалпы, тарихи шаһар жайлы ел ішінде түрлі дерек айтылады. Біреулер Баркуаб қаласы Теріс ауылының орнында болған десе, осы бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген тарихшы Ескендірбек Төрбеков Баркуаб шаһары Тараз қаласының негізгі орталығы болғанын алға тартады. Тағы бір деректерде Баркуаб көне Тараз шаһарынан 150–200 жыл бұрын пайда болғаны айтылады. Сонда жобамен Баркуаб қалашығы біздің заманымызға дейінгі I–II ғасырларда пайда болды деген болжам бар.

Аталған шаһарда инфрақұрылым дамып, колонер, егіншілік пен сауда-саттық ерекше қарқын алған. Ұлы Жібек жолы бойындағы қала болғаны да шаһардың дамуына айрықша серпін беріпті. Ортағасырлық араб, қытай, парсы шежірешілері мен саяхатшылардың жазбаларында Баркуаб үлкен әрі аса дамыған қала ретінде сипатталады. Осы деректер шаһардың, шын мәнінде, ірі сауда, экономикалық, әкімшілік және саяси орталық болғанын растай түседі.

Баркуаб қаласының орнында кезінде академик Әлкей Марғұлан мен тарих ғылымдарының докторы М.Елеуов зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ал Баркуаб қалашығын 1893 жылы орыс шығыстанушысы В.Бартольд анықтаса, 1940 жылы археолог Г.Пацевичтің жетекшілігімен Жамбыл археологиялық пункті экспедиция жасаған. 1978 жылы Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы зерттеу жұмыстарын қолға алды. Бүгінде бұл қалашықтан табылған көне жәдігерлер Жуалы аудандық тарихи-өлкетану музейіне өткізіліп, туристерді тарта түсті.

Мұражайдағы тас дәуірінің белгісі – дән өңдегіш астаулар, темір дәуіріндегі майшамның тұғыры, қыз-келіншектер таккан моншақ, бәрі де көптің қызығушылығын тудырды. Осы құнды жәдігерлерге жапон ғалымдары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қала кемінде 1448 жыл бұрын пайда болған деген байламға келді.

Қалашықтың үлкен қарауыл мұнарасы орналасқан жерге 2017 жылы сол кездегі Жуалы ауданының әкімі Бактияр Көпбосыновтың қолдауымен қазба жұмыстары басталып, төбесі қоршалған еді. Қазір қазба орындары алты



ТАРИХЫ АШЫЛМАҒАН КӨНЕ ШАҒАР

бөліктен құралып тұр. Кейбір бөліктер екі қабаттан тұрғызылған. Осыған қарап ғалымдар Баркуаб қаласында көпқабатты үйлер болғаны жөнінде болжам айтады.

2019 жылы Жуалы ауданы әкімдігінің бюджетінен қазба жұмыстарына 10 млн теңге бөлінсе, 2020 жылы – 6 млн, 2021 жылы 5 млн теңге көлемінде қаржы қаралған. Осы қаржы есебінен қазба жұмыстарына тарихшы Ескендірбек Төрбеков басшылық жасап, кейінгі ұрпаққа мол мұра қалдырып отыр.

— Қазба жұмыстары кезінде 12 метрлік құдық табылды. Бірнеше бидай сақтайтын камбаның орындары анықталды. Бұл осыдан 2 мың жылдан астам уақыт бұрын қала тұрғындары астық өсірумен айналысқанын айғақтайды. Одан бөлек, қазба жұмыстары барысында бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген адамның бас сүйегі табылды. Бұл тарихи орыннан осыдан 1800 жыл бұрынғы көмір қалдықтары аршылып алынды. Осының бәрін назарға ала отырып, бұл қалашықтың атауы «Би-тян» болуы да мүмкін деген болжам бар. Бәлкім, Баркуаб маңайындағы Теріс, Нұрлықент, Бақалы ауылдары тарихи қалашықтың аумағында орналасуы да мүмкін. Сондықтан Баркуаб қаласы туралы әлі зерттейтін дүние көп, — дейді тарихшы Е.Төрбеков.

Кейінгі алты жылда Баркуаб қалашығының орнына 10 мыңнан аса турист келіп, тарих қойнауына үңілген екен. Олардың қатарында Атырау, Ақтау, Түркістан облысынан бөлек, Ресей мемлекетінен келген туристер де бар. Кезінде Жуалы ауданын басқарған, қазба жұмыстарына тікелей ұйытқы болған Бактияр Көпбосыновтың айтуынша, олар Баркуаб қаласының орнын ойламаған жерден тапқан.

— Теріс ауылындағы орта мектепте шағын музей бар. Бір жолы сол мектепке барып, 2 мың жылдан астам тарихы бар құмыраның қойылғанын көрдім. Кейін ауыл тұрғындары ауласындағы жерді қазғанда, әшекей бұйымдар, қыш ыдыстар тауып алып жатқанын айтқаннан кейін зерттеу жұмыстарына кірістік. Құнды жәдігерлердің табылған ізімен жүріп осы

төбені анықтадық. Содан 2018 жылы тарихи қалашыққа қазба жұмыстарын жүргізу маңызын дәлелдеп, қазынадан қаржы қарау мүмкіндігіне ие болдық, — дейді Б.Көпбосынов.

Ғалымдар Баркуаб қаласында табылған ерекше бұйымның бірі ретінде Қаңлы мемлекеті тұсындағы құмыраны атайды. Құмырада тіпті шебердің саусақтарының ізі де сақталып қалған. Дәл осындай құмыралар Арыс өзенінің маңынан табылған. Түркістан мен Шардарадағы қазба жұмыстары кезінде де осындай құмыралардың бірнеше үлгісі анықталған. Қаңлы құмырасын сол жәдігерлермен салыстыра отырып, ғалымдар «Баркуаб қаласы біздің заманымызға дейінгі I ғасырда өмір сүрген» деген байламға келіп отыр. Сонымен қатар зерттеушілер Баркуаб қаласы Қаңлы мемлекеті билеушілерінің жазғы демалыс орны болғанын айтуда. Қазба жұмыстарын жүргізгендер Жуалы ауданы маңындағы үлкен қорғанның астында Баркуаб қаласы жасырынып жатқанына сенімді.

Археолог Александр Бернштам мен Василий Каллаурдың еңбегіне сүйенсек, Баркуаб қалашығы ертеде «Иркут шаһары» деп те аталыпты. Араб тілінен аударғанда, көне қаланың екі атауы да «Теріс» деген мағына береді.

Қазба жұмыстарының басы-қасында болған өлкетанушы Дәулетжан Байдалиевтің айтуынша, археологиялық жұмыстар кезінде адам таңғаларлық дүниелер табылыпты.

— Мәселен, таңбалы тас аталатын жәдігерге ою-өрнектер қалай таңбаланғанын түсіну қиын. Бейне бір табиғи құбылыстар тасқа ою салып кеткендей. Дәл сондай, мұнда балық шаруашылығында пайдаланылған тастар да археологтардың қызығушылығын тудырды.

Қазба орындарынан кетпен, майшам, өрнек тоқуға арналған керме, диірмен, тас астау және қыш ыдыстар да табылды. Ал ең таңғаларлығы, 30 метр тереңдіктен шыққан — молалар. Онда мәйіттер мұсылманша жерленбеген. Бас



бұрын үш қабатты үйлер тұрғызылып, онда кәріз жүйесі орнатылған секілді.

— Ғалымдардың ойын сан сакка жүгіртіп отырған тағы бір жайт — топырақтан аршылып алынып жатқан жәдігерлердің ішінен үлкен пішінді жалғыз бастың табылуы. Денесі жоқ басты зерттеушілер «Ертедегі хандар өз жауының басын кесіп алып, шатырының маңына іліп қойған. Бұл Томирис шауып алған Кир патшасының басы секілді» деген болжам жасады, — дейді Дәулетжан Байдалиев.

Аталған басты археологтар Жапония мемлекетіне жіберген. Ғалымдар оны әлі зерттеп жатыр. Алайда бұл Томирис шауып алған парсы патшасы Кирдің басы ма, жоқ па — ол жөнінде нақты ақпарат белгісіз. Қалай дегенде де, ежелгі Баркуаб қаласы әлі жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Алайда 2021 жылдан кейін қазба жұмыстары тоқтап қалғаны қынжылтады. Сонда қазба жұмыстарының тоқтап қалуына не себеп болды?

Жуалылықтардың айтуынша, ежелгі Баркуаб қалашығының маңынан өткенде, түрлі дауыс шығады екен. Әсіресе, түн мезгілінде ежелгі шайқастар мен ат тұяғының дүбірінің үні естілетін көрінеді. Тұрғындар Баркуаб қалашығына жақындасаң, басыңды белгісіз бір күш қысып, есеңкіретіп тастайтынын айтады. Сондықтан археологтар мұндағы қазба жұмыстарын қайта қолға алмай жүрген іспетті.

Бұл сауалмен «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру» дирекциясының директоры, ғалым-тарихшы, археолог Сауран Қалиевке барған едік, маман бар мәселе қаржыға келіп тіреліп отырғанын айтты.



— Қазба жұмыстарына қаржы қаралмай отыр. Бар мәселе — осы. Баркуаб қаласынан бөлек, Жамбыл облысында қазба жұмысы тоқтап қалған тарихи орын көп. Бір ғана «Көне Тараз» қалашығының да қазба жұмысы аяқсыз қалып отыр. Егер қаржы бөлінсе, қазба жұмыстарын ертең бастауға дайынбыз, — дейді археолог.

Әрине, Баркуаб қалашығын зерттеуге қомақты қаржы керек. Ал Жуалы ауданы әкімдігі қазынадан қомақты қаржы қарастыра алмайды. Сондықтан жергілікті билік өкілдері қазба жұмыстары қашан қайта жанданатынын нақты айта алмайды. Бұл мәселеге облыс, әрісі республика көлемінде көңіл бөлетін кез келген шығар. Сонда ғана құнды жәдігерімізді құмнан аршып алып, тарихымызды таныта аламыз. Ал әлем елдері осындай бір ғана тарихи орынмен туристік кластерді дамытып, қазынаға қомақты қаржы түсіріп жатқанын естен шығармаған абзал.

20 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

ДИҚАНДАР ТЕХНИКАСЫН ЖАҢАРТУҒА МҮМКІНДІК АЛДЫ

Шаруаның бүкіл жұмысы техникаға қарап тұр. Ескірген техниканы жаңарту да – бір мәселе. Кейде қолда қаржы болмай жатады. Сол уақытта мемлекеттік қолдау қажет. Таяуда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі компаниялар тобына кіретін «ҚазАгроҚаржы» АҚ Қарағанды облысында егін жинау науқанының аяқталуына орай өңірдің фермерлерімен кездесу ұйымдастырды.

Осы жиында алдымен Осакаров ауданындағы дәнді және майлы дақылдарды өндіруші YUGER2023 ЖШС ауыл шаруашылығы кәсіпорнын көріп, дикандарға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларымен танысты.

Биыл компания 13 мың гектардан астам жерге егін еккен. Оның ішінде 10 мың гектардан астамы – бидай, 2 мың гектары – зығыр, шамамен 1 мың гектарға жасымдық пен басқа да дақылдар себілген. Кәсіпорында фермерлер өз қызметі туралы айтып, алқаптар, астық қоймалары және қызметкерлерге арналған жаңа жатақхананы таныстырды. Мұнда 44 адам жұмыс істейді.

– «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның арқасында біздің техника паркі толық жаңартылды, барлық техника жаңа: егіс кешендері, жер өңдеуге арналған агрегаттар, комбайндар, тракторлар. Кейінгі 5 жылда компания жалпы сомасы 2,6 млрд теңгеден асатын 50-ден астам техниканы лизингке алды.

Мұндай қолдау бізге жылдам өсіп, дамуға мүмкіндік береді, – деді YUGER2023 ЖШС директорының орынбасары Михаил Волокушин.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Еркебұлан Жұмжаевтың айтуынша, Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы техникасын жаңартуға деген жоғары сұранысы бар өңірлердің қатарында.

2025 жылдың басынан бері облыстағы филиалына жалпы сомасы 15,3 млрд теңге болатын 1000-ға жуық техниканы қаржыландыруға өтінім қабылданған. 1 қыркүйектегі жағдай бойынша, жалпы сомасы 11 млрд теңгеге 763 техника сатып алуға келісімшарт жасалған екен. Фермерлер жылдық 5% мөлшерлемен берілетін жеңілдетілген бағдарламаға ерекше қызығушылық танытып отыр.

– Қарағанды облысының шаруалары әрдайым өндірісті жаңғыртуға басымдық беріп келеді. Біздің фермерлер лизингтік бағдарламаларды белсенді пай-

даланып жатыр. Биыл бұл бағытта нақты серпін байқалуда, өтінім саны өсіп келеді. Ерекше атап өтерлігі, шаруашылықтар заманауи тракторлар мен комбайндарға басымдық беруде, бұл өз кезегінде егіс және орақ науқандарының тиімділігіне тікелей әсер етеді. Біз үшін фермерлерді қаржыландырумен қатар, өтінім беру үдерісін мейлінше оңай әрі ыңғайлы ететін заманауи цифрлық шешімдерді ұсыну да маңызды, – дейді Еркебұлан Жұмжаев.

Іс-шара кезінде ауыл шаруашылығы техникасын лизингке рәсімдеуге арналған жаңа онлайн-сервис таныстырылды. «ҚазАгроҚаржы» АҚ өкілдері онлайн режимде өтінім беру тәртібін көрсетіп, бұл жүйе қағаз түріндегі нұсқаға балама болатынын атап өтті. Сонымен қатар компания өкілдері ауыл шаруашылығы өндірушілерінің жағдайы әртүрлі екенін айтты. Барлық фермерде смартфон немесе цифрлық дағдылар бола бермейді, ауылдық жерлерде интернет желісі әлсіз. Осыған байланысты өтінім беру тәртібіне қатысты кез келген сұрақтар бойынша фермерлер «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының мамандарына тікелей жүгіне алады.

Айта кету керек, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Қарағанды облыстық



филиалы мен Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған.

– Біздің Қарағанды облысындағы «ҚазАгроҚаржы» филиалымен өте тығыз әріптестік байланысымыз бар. Өңірлік кәсіпкерлер палатасының жанында агроөнеркәсіптік кешен комитеті жұмыс істейді, онда біз саланың өзекті мәселелерін талқылаймыз. Жалпы, еліміздің барлық өңірінде палатаның филиалы бар. Онда біздің кеңесшілер ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге құжаттарды жинап, өтінімдерді толтыруға көмек көрсетеді. Егер фермерлерде қандай да бір сұрақтар туындаса, олар біздің филиалға жүгіне алады, жан-жақты қолдау көрсетуге дайынбыз, – деді Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Құлпейісов.

Өз кезегінде ауыл шаруашылығы өндірушілері 5% мөлшерлемен берілетін «Жеңілдікті лизинг» бағдарламасының қарапайым фермерлер үшін тиімді бағдарлама екенін, ал өтінімді онлайн беру – шаруаларға қосымша қолдау болғаны да айтты.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ деректеріне сәйкес, Қарағанды облысында 2000 жылдан 2025 жылға дейінгі аралықта агроөнеркәсіптік кешенге шамамен 89,2 млрд теңге инвестиция тартылған. Осы қаржыландырудың арқасында жергілікті ауыл шаруашылығы өндірушілері 5 300-ден астам техника сатып алды. Бұл өңірдің аграрлық секторының дамуына елеулі үлес қосты. Қазір Қарағанды облысындағы «ҚазАгроҚаржы» филиалы 1 100-ден астам шаруаға қызмет көрсетіп отыр.

Әдебиет ЖҰБАНОВ,
Қарағанды облысы

Таяуда елімізде қазақ футболы үшін маңызды оқиға болды. Қазақстан футбол федерациясының Алматы облысы Талғар қаласында орналасқан футбол академиясына FIFA Talent Academy мәртебесі берілді. Қазір әлемде мұндай мәртебеге ие 40-қа жуық академия жұмыс істейді.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Жоба FIFA мен Қазақстан футбол федерациясының жас футболшыларды халықаралық стандарттарға сәйкес даярлауға негізделген әріптестігінің нәтижесінде іске асып отыр. Бұл – жасөспірімдерді баптап, өз елімізде аталған спорт түрін одан әрі жаңа белеске шығару үшін үлкен мүмкіндік. ҚФФ FIFA таланттар академиясы мәртебесіне ие болған әлемдегі тоғызыншы қауымдастық болса, ал UEFA бойынша екінші ұйым атанды.

Маңызды жиынға FIFA-ның жаһандық даму жөніндегі директоры Стивен Мартинс, ҚФФ бас хатшысы Давид Лория, FIFA High Performance бағдарламасының жетекшісі Ульф Шотт, FIFA аңызы, 1998 жылғы әлем және 2000 жылғы Еуропа чемпионы Кристиана Карамбе, сонымен қатар отандық футбол ардагерлері мен академия тәрбиеленушілері қатысты. ҚФФ техникалық директоры Геннадий Скуртул өз кезегінде академияға берілген мәртебенің маңызына тоқталды. Оның айтуынша, бұл

ФУТБОЛ АКАДЕМИЯСЫНА FIFA МӘРТЕБЕСІ БЕРІЛДІ



мәртебе жас футболшылардың дамуына тың серпін бермек.

– Ең алдымен, бұл жоба арқылы біз әлемнің жетекші мамандарынан қолдау табамыз. Іс-шараға арнайы келген сарапшылар бар. Мәселен, таланттарды іріктеу саласының сарапшысы «Арсеналдың» жаттықтырушысы Арсен Венгермен бірге 10 жыл бойы жұмыс істеген Стивен Морроу, тәжірибелі маман, FIFA сарапшысы Марьян Пахарь осында. Бұдан бөлек, осы жобаның жетекшісі, кәсіби футбол мен спорттық жетістіктер бағытына жауапты Ульф Шотт та жиынға қатысып отыр. Бұл жобаға тартылған адамдардың аз бөлігі ғана. Біз өзіміздің зерттеулеріміз бен бағдарламамызды FIFA-мен бірге ақылдаса отырып әзірлейміз. Олар ҚФФ-на түрлі бағыт бойын-

ша әдістемелік қолдау көрсетеді. Халықаралық тәжірибе неғұрлым көп болса, біздің бағдарламамыз да соншалықты байи түседі. Бұл – елімізде футболшылардың кәсіби түрде өсуіне ықпал етеді, – деді ол.

Қазір академияда 46 бала тәрбиеленеді. Оның 23-і – 2010 жылғы, ал қалған 23-і – 2011 жылы дүниеге келген балалар. Академияға жас футболшыларды іріктеу FIFA сарапшыларының көмегі негізінде жүзеге асқан. Геннадий Скуртул академиядағы барлық бағдарлама Қазақстан жағдайына бейімделіп іске асатынын және бұл тұста ең алдымен Қазақстан футбол федерациясының талаптары ескерілетінін жеткізді.

– Академиямыз FIFA-ның ең қатаң талаптарына толық сай келеді. Осыған дейін 54 критерийдің

барлығы орындалды. Қазір әлемде мұндай мәртебеге ие 30-дан астам академия бар. FIFA алдағы уақытта олардың санын кем дегенде 75-ке жеткізуді көздеп отыр. Алайда бұл мәртебе тек жоғары деңгейдегі стандарттарға сай келетін қауымдастықтарға ғана бұйырады. Қазақстан Орталық Азия аумағы бойынша мұндай мәртебеге қол жеткізген алғашқы ел екенін атап өткен жөн, – деді ҚФФ техникалық директоры Г. Скуртул.

Қазақ футболының ардагері, даңқты қақпашы, 1996-2000 жылдар аралығында Қазақстан футбол қауымдастығының президенті кызметін атқарған Құралбек Ордабаев өзі басшылық еткен жылдары FIFA тарапынан үлкен қолдау болғанын еске алып, бүгінде сол бастама әрі қарай жалғасын тауып келе жатқанына қуанышты екенін айтты. Ардагер болашақта Қазақстанның түкпір-түкпірінен дарынды балаларды анықтап, оларды футбол академиясына қабылдау қажет екенін алға тартты.

– Бүгінгі оқиға – қазақ футболы үшін ерекше жаңалық. Алғаш 1994 жылы Қазақстан футбол федерациясы ашылып, FIFA-ның толыққанды мүшесіне айналған еді. Сол уақыттан бері әлемдік ұйым тек қазақстандық емес, әлемдік футболдың дамуына тұрақты қолдау көрсетіп келеді. Академияға жаңа мәртебенің берілуі қазақ футболы үшін жақсылықтың

нышаны деп білемін. Келешекте елімізде осындай футбол академияларының саны артса, нұр үстіне нұр болар еді. Әсіресе, таудың етегінде орналасқан осындай алаң балалардың жаттығуына тамаша мүмкіндік болмақ. Қазір жас спортшыларды тәрбиелеуде «Қайрат» футбол академиясы жоғары нәтиже көрсетіп отыр, – деді Қ. Ордабаев.

ҚФФ Академиясының тәрбиеленушісі, атыраулық Мансұр Болат жас футболшылардың кәсіби тұрғыда дамуына бар күш-жігерін жұмсаған федерацияға алғысын білдіріп, келешекте жаһандық масштабта сәтті ойын көрсетуге тырысатынына уәде берді.

– Тарихи сәтте сіздердің алдарыңызда академия тәрбиеленушілері атынан сөз сөйлеу – мен үшін үлкен мәртебе. Футбол біз үшін жай ғана ойын емес. Біз Қазақстанның намысы үшін еңбек етеміз. Әлемдік аренада көк байрағымызды желбіретуді армандаймыз. Бізге кәсіби деңгейде футбол ойнауға, халықаралық тәжірибе жинауға және сапалы білім алуға барлық мүмкіндік жасалып отыр. Әр күніміз бізді шыңдап жүрген бапкерлердің жанкияр еңбегімен тығыз байланысты. Әр бапкерімізге, бізді жана деңгейге шығаруға күш салған FIFA ұйымына және Қазақстан футбол федерациясына, осы уақытқа дейін бізбен бірге болып, тәжірибесін бөліскен Стюарт Холл мырзаға ризашылығымызды білдіреміз. Академия тәрбиеленушілері сіздердің үміттеріңізді ақтауға тырысады. Біз, болашақ чемпиондар – қазақ футболының жаңа буынымыз, – деді М. Болат.

АЙМАҚ

20 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

ЖОЛДАУ ЖОЛДАРЫНДАҒЫ ЖАҢА СЕРПІН



Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында бірінші кезекте еліміздің әлемдік жаһандану кезеңінде көштің соңында қалмай, заманға сай цифрландыру мен жасанды интеллектіге назар аударуды шегелеп тапсырды. Сонымен қатар Қазақстан ауыл шаруашылығы саласын жаңа деңгейге көтеруді көздеп отыр. Әсіресе, ауыл шаруашылығына байланысты тапсырмалар айрықша маңызға ие болмақ. Өйткені ел экономикасының басты тірегі – ауыл еңбеккерінің маңдай тері мен жердің несібелі ырысы.

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Ақмола облысы осы бағытта айтарлықтай ауқымды істерді жүзеге асырып келеді. Соның нақты мысалдарын Жарқайың мен Есіл аудандарындағы кездесулер мен жаңа әлеуметтік нысандардың ашылуынан, өңірді цифрлық жаңғырту жобаларынан анық көруге болады.

АГРОӨНЕРКӘСІП ІЛГЕРІ БАСТЫ

Облыс әкімі Марат Ахметжанов Жарқайың ауданы тұрғындарымен кездесуінде ең әуелі орақ науқанының уақытылы өтуі өңірдің басты міндеті екенін қадап айтты. Шындығында, бұл аудан – Ақмоланың негізгі астықты аудандарының бірі. Мұнда егіс алқабы 695 мың гектарға жуықтап, облыстағы жалпы егіс алқабының 12,6 пайызын алып жатыр.

Астықты өңірдің басты экономикалық драйвері – ауыл шаруашылығын әртараптандыруға баса назар аудару. Атап айтқанда, майлы дақылдар алқабы 7 есеге ұлғайып, 13 мың гектарға жетті. Мал шаруашылығында «Темірлан» ЖШС сүт-тауарлы фермасы 410 басқа кеңейтілді. Биыл 2,8 млрд теңгеге 11 инвестициялық жоба атқаралып, сүт фермасы, астық қоймасы, мал шаруашылығы базасы құрылып, 55 жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Жалпы, Ақмола өңірінде биыл ауыл шаруашылығына 242,7 млрд теңге қарастырылған. Оның 63,3 млрд теңгесі – субсидиялар, қалғаны жеңілдетілген несиелер мен инвестицияға бағытталып отыр. Мәселен, «Кең дала» бағдарламасы бойынша – 13,3 млрд теңге, «Кең дала-2» – 104,7 млрд теңге, «Ауыл аманаты» бағдарламалары бойынша 2,5 млрд теңге қаражат бөлінген. Соның арқасында биыл аймақ 7 млн тоннаға жуық астық жинап, рекорд тіркемек. Ал майлы дақылдардан алғаш рет 650 мың тонна өнім алу көзделген.

Ауылдың дамуы тек егін және малмен өлшенбейді. Халық үшін ең әуелі сапалы медицина керек. Осыған орай Есіл ауданының Ақсай ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория ашылды. Ол Ақсай, Орловка және Бұзылық ауылдарының 1 266 тұрғынына қызмет көрсетпек.

Жаңа нысанда физиотерапиядан бастап күндізгі стационарға дейін қызмет етеді. Ауыл тұрғыны Максұт Молдарахымның сөзінше, бұрынғы амбулатория тар әрі суық болған. Енді барлық жағдай жасалып жатқанына ризашылығын айтып отыр.

Бұл – Ақмола облысында мемлекеттік «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» бағдарламасы аясында салынған екінші амбулатория. Бұған дейін тұрғындар 60-жылдары салынған ескі ғимаратта емделген еді.

DIGITAL AQMOLA: ӨНІРДІ ЦИФРЛЫҚ БОЛАШАҒЫ

Ақмоланың дамуында инновациялық өзгерістер де ерекше орын алады. Өңірге ресми сапармен ат басын тіреген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Digital Aqmola орталығында өңірді цифрлық жаңғырту жоспары жайында тың деректерге қанықты.

Бұл жоба көлік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, қауіпсіздік, экология және денсаулық сақтау салаларына біртұтас орталықтандырылған мониторинг жүргізбек. Ең бастысы, үш жыл ішінде Ақмола толық цифрлық өңірге айналады.

Мәселен, «Дихан-Плюс» қожалығында жасанды интеллект негізінде агрожүйе сынақтан өтті. Ол өнімділік пен кірісті арттыруға септігін тигізеді. Президентке

Аймақта астық экспорты да дамып келеді. Эстонияның Muga Grain Terminal компаниясымен келісім негізінде биылғы жылдың 8 айында ғана 155,6 мың тонна бидай шетелге жөнелтілген. Қатар еліне қой етін әуе арқылы экспорттау тәжірибесі жолға қойылыпты.

ет – 1,2 есе, жұмыртқа көлемі 13 пайызға артады.

Аймақта астық экспорты да дамып келеді. Эстонияның Muga Grain Terminal компаниясымен келісім негізінде биылғы жылдың 8 айында ғана 155,6 мың тонна бидай шетелге жөнелтілген. Қатар еліне қой етін әуе арқылы экспорттау тәжірибесі жолға қойылыпты.

Дегенмен шешуді қажет ететін мәселелер де жоқ емес. Жайылым тапшылығы, тұрғын үй құрылысының баяулығы, жолдар мен көпірдің тозуы, дәрігерлердің жетіспеуі сияқты халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелер де айтылды. Әкім олардың бәрін бақылауда ұстайтынын жеткізді.

әлеуметтік инфрақұрылым, жаңа ЖЭО құрылысы, газдандыру, спорттық және медициналық нысандар жөнінде мәлімет берілді.

Қосшы қаласына жаңа жоба негізінде табиғи газ қосылды. Ұзындығы 409 шақырымдық магистраль сағатына 32 800 текше метр көлемінде газ жеткізеді. Жобаның жалпы құны – 11,4 млрд теңге.

Қорыта айтқанда, ауыл шаруашылығы – Ақмоланың ғана емес, бүкіл елдің стратегиялық күші. Табыстың артында мемлекеттік қолдау, жаңа технология, еңбеккер дикан мен малшы тұр. Ал Президенттің Жолдау жолдарында жүктеген нақты тапсырмалары алдағы меженің айқын бағдары болмақ.



ЕҢБЕКПЕН ШЫҢДАЛҒАН ӨМІР

Мемлекет басшысының бастамасымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланды. Бұл еліміздің дамуында маңдай терін төгіп, күн сайын еңбектің майданына араласып жүрген қарапайым жұмысшыға құрметтің белгісі. Өйткені нағыз еңбек адамы – елдің тірегі, қоғамның қозғаушы күші. Сол еңбек майталмандарының қатарында шымкенттік Мұхтар Мырхайдаров бар. Ол – Шымкент мұнай өңдеу зауытында 40 жылға жуық табан аудармай еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маман.

А Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

1964 жылы Шымкент қаласында дүниеге келген Мұхтар Бахадүрұлы жасынан еңбекке жақын болып өскен. Әкесінің өнегесі мен анасының адалдығын бойына сіңірген ол 1982 жылдан бастап өндірістің ыстығына күйіп, суығына тонды. 1985 жылы ҚазТИ-ге механик мамандығы бойынша оқуға түсіп, білімін жетілдіре жүріп, зауыттағы жұмысын да қатар атқарды. 1991 жылы жоғары оқу орнын тәмамдап, қолына көптен күткен дипломын алды. Оның кәсіби жолы – нағыз еңбек мектебі. Жай жұмысшыдан бастап, цех шебері, одан механик дәрежесіне дейін көтерілді. Бүгінде «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС №1 технологиялық цехының механигі ретінде зауыттағы әрбір тетіктің тоқтаусыз жұмыс істеуін қадағалап, өндірістің жүрегін соқтырып жүр.

Мұхтар Бахадүрұлы үшін еңбек – тек қызмет емес, өмірінің мәні. Әрбір механизмнің ақаусыз жұмыс істеуі, зауыттағы өндіріс процесінің іркіліссіз жүруі – оның күнделікті жауапкершілігі. Ол –

сенімді маман, әріптестері үшін тәжірибелі ұстаз, жастарға үлгі. Маңдай терімен келген еңбегі мемлекет тарапынан да еленбей қалған жоқ, «Еңбек Даңқы» III дәрежелі орденінің иегері атанған. Бұл марапат оның тек жеке жетістігі емес, тұтас еңбек адамдарының қоғамдағы орнының биіктігін білдіреді.

Өндірісте абыройлы маман болса, үйінде – асқар тау әке, сүйікті жар. Жан-жары екеуі төрт ұл-қыз тәрбиелеп, бүгінде немере сүйіп отырған бақытты әулет. Әкенің адал еңбегін бағалаған ұрпақтарының алғысы ерекше. Немерелері арнайы дайындаған «Ата – біздің баатыр» деген жазуы бар торт оның өмір бойғы маңдай теріне берілген шынайы марапаттың дәл өзі еді.

Қазір елімізде түрлі саланың жұмысшыларына жағдай жасалып, олардың мәртебесін арттыруға айрықша көңіл бөлінуде. Мұхтар Мырхайдаровтың өмір жолы – еңбек адамының қоғамдағы орнының қаншалықты маңызды екенін көрсететін айқын үлгі. Осындай қарапайым, бірақ қаһарман еңбегімен елге қызмет етіп жүрген азаматтарға қоғамның құрметі ерекше.

«ҚазБитумСервис» ЖШС қолданыстағы битум қоймасына арналған ҚОӘБ бөлімін көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Қойма мекенжайы: Астана қ., Сарыарқа ауданы, С 307 көшесі, 7-үй.

Жоба құжаттамасының топтамасымен Экологияның бірыңғай порталында ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 29.09–03.10 аралығында Экологияның бірыңғай порталында өтеді. Барлық ескертулер мен ұсыныстар осы күндері Экологияның бірыңғай порталында қабылданады. Аталған мерзім өткен соң ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы: «ҚазБитумСервис» ЖШС, БСН: 060940005965, Павлодар қ., Солтүстік өнеркәсіп аймағы, 65/1 ғимарат, тел.: 8 777 934 10 54.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ЭкспертСтройСервис» ЖШС, БСН: 220840032923, Павлодар қ., Павлова көшесі, 24/1, тел.: 8 777 644 32 07.


Жоспарланып отырған қызметке қатысты қосымша ақпаратты қоғамдық тыңдаулар барысында алуға, сондай-ақ қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін 8 777 934 10 54 телефоны арқылы сұратуға болады.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты мемлекеттік орган – Астана қаласының «Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8 (7172) 55-75-11.

ДОДА

20 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

«Қайрат» Еуропаға жорығын Лиссабоннан бастады. 19 қыркүйек күні «Спортингке» қарсы кездесу өткізіп, 4:1 есебімен жеңілді. Есепті көріп, қолыңызды бір сілтеуге асықпаңыз. Өйткені алматылық клуб алғашқы таймнан-ақ жинақы ойнап, бірнеше соққы бағыттап үлгерді. Жас қақпашы Шерхан Қалмырза еуроаренада дебют жасап, талайды тамсандырды. Тарихи матч алматылық клубтың аяқ-алысы жаман емесін көрсетті.

**А Айзат АЙДАРҚЫЗЫ****ЭЙФОРΙΑҒА ТОЛЫ
45 МИНУТ**

Иә, «Қайрат» Португалия жерінде тарихи ойын өткізді. 71 жыл ішінде еуро-аренаға аяқ басқаны осы. Оның үстіне, алматылық клуб бұл белеске шығу үшін төрт асу асты. Алдымен іріктеу кезеңінде үш ойынға қатысып, плей-оффта «Селтикти» ығыстырды. Сөйтіп Лиссабонға жетті. Фигу мен Роналду туған елге 12 сағат ұшып жеткені тағы бар. Оған кей матчта 120 минут тынбай ойнап, микрожарақатын «арқалап» келген ойыншыларды қосыңыз. Оның үстіне, қосалқы құрам бәсекеге қабілетті емес. Әрине, бұл матч есебін актауға себеп емес. Әрі ешкім «Қайратты» сөкпейді. Өйткені бар қазақ «барын беріп, бақанын сайлап» аттандырған-ды.

Ойын ә дегеннен қауіпті ұрда-жық шабуылға құрылмады. Өйткені сапында Педру Гонсалвеш, Франсишку Тринкан, Гонсалу Инасиу сынды футболшысы бар команда аянып қалмасы анық еді. Бірақ бұлар да әліптің артын бағып, еуромау-сымдағы «беташар» ойынның оңай өтпесін аңдаған. Содан ба, алғашқы таймда «Қайраттың» қай жерге дейін баратынын сынап көргендей. Алматылық клуб та берілген мүмкіндікті пайдаланып, барынша ашық футбол ойнады. Іріктеу кезеңіндегідей төрт не бес қорғаушымен емес, еркін, шабуылға бейім өнер көрсетті. Сөйтіп де, Дастан Сәтпаев Вирджиния қақпасына жойқын соққы бағыттады. Егер қақпашының ыңғайына дәл түспегенде, қақпа торын тулатыры анық еді.

Одан кейін шабуылшы Жоржиньоның да мүлт кеткені тағы бар. Бұл тұста алғашқы тайм түгелісер тұсқа дейін қорғаушылардың да сақ ойнағанын ескеру керек. Қақпашының жарты команда екенін ескерсек, Шерхан Қалмырзаның Гонсалвештің соққысын Нойерше қайтарып, «Спортинг» капитаны Мортеннің «салын суға жібергенін» айта кеткен жөн. Осылайша, қазақ

үшін маңызды матчта еурокубок тарихына есімін жазды. ЧЛ жылнамасындағы ең жас дебютант-қақпашылардың қатарына кіргенімен қоймай, пенальти тойтарған жас қақпашылар үштігіне енді. Осы тұста атакты Касильясты төртінші орынға ысырғанын айта кеткен жөн. Әсіресе, Қалмырзаға да, командаға да оның пенальти тойтарғаны орасан күш берді. Дегенмен «әуселенді көрдім, жарқыным» дегендей матчтың 44 минутында Тринкао алыс тоғыздықты дәл көздеді. Бұған қарап шебердің аты шебер ғой, шіркін, демесіңе қоймайды.

Екінші тайм «Қайрат» үшін ауыр басталды. Өйткені үздік ойыншының бірі Громыко сіңірі тартылды ма, әлде басқа ма, ауыр қимылдады. Кездесудің екінші жартысында допқа таласта қарсыласқа қарсы тұра алмады. Арад пен Тапаловтың да «темірден жаралмағанына» көз жетті. Білесіздер, бұлар Словакия жерінде де, Алматыда да 120 минут тоқтамай шапқанды. Соны пайдаланды ма, үш минутта үш гол кіріп кетті. Гол соққан «Спортингтің» қай-қай ойыншысын алсаң да, «Қайраттың» қорғанысынан сурет салғандай өтіп жатты. Сөйтіп, 65-68 минут арасында матчтың ауаны өзгеріп сала берді.

«Қайрат» сапынан ешкім аянып қалмады. Бізде бастапқыда қақпашы мәселесі туғаны рас. 18 жастағы Шерхан Қалмырза кеше ғана бірінші лигада «Жетісайға» қарсы ойнап жүрген бала еді. Енді ЧЛ-де «Спортингқа» қарсы кездесу өткізіп, пенальти тойтарды. Позиция таңдауына талайлар тәнті болды. Менінше, «Қайраттың» осы маусымдағы философиясы – ЧЛ-де академия түлектерін барынша таныту. Жарнама жасап, түлектерінің осындай деңгейге көтерілгенін көрсету. Мысалы, Қайрат Боранбаевтың командасы жалпы кезеңге шықпай тұрып, бірнеше трансфер жасауына болар еді. Бірақ ол басқа мақсат қойып, философиясынан жаңылмады. Әлем футболында «Аякс», «Бенфика», «Порту», «Спортингтің» өзі де осы ұстаныммен жұмыс істейді. Егер осылай жалғаса берсе, скауттар алматылық клубтың Сәтпаевтан басқа бір-екі ойыншысын байқауы мүмкін», – дейді спорт журналисі Олжас Байбосын.

Футбол сарапшысы Ерсін Ерік те академия тақырыбында ой қозғап, ЧЛ-де «Атлетиктің» академиясынан – 18, «Барселонаның» академиясынан – 11, «Бенфика-

дан» 11 футболшы барын атап өтті. Оның айтуынша, академия көрсеткіші бойынша 10 түлегі алаңға шыққан «Қайрат» пен «Аякс» әлемде 4-5-орынды бөлісіп тұр.

**ҚОСШЫДАН ШЫҚҚАН
ҚАҚПАШЫ**

Бас бапкер Уразбахтин жігіттерге «мұндай сәт туа бермейді, ойыннан ләззат алыңдар» дегендей. Өйткені бастапқыда қобалжыған қақпашы Шерханның кейін көсіле бастағанын байқадық. Әсіресе, Гонсалвештің соққысын аяғымен тосып алғанда, жігерленгені білінді. Ал португал мықтысы абдырап қалды. Жалпы, оған қақпашы да, қорғаушы да мүмкіндік бермеді. Сөйтіп, бапкер Руи Боржес оны екінші таймда алмастырды. Сол сияқты клуб бомбардирі Луис Суарестің де айы онынан туған жоқ. Алматылық клуб та мұндай қысымды бірінші рет сезініп, еурокубоктың шын дәмін татып, турнирде осал клуб жоғына көз жеткізіп қайтты. Жалпы, кезеңдегі сегіз матчтан тұратын тәжірибе мен сынақ «Қайратты» қайрамаса, сындырмасы анық.

Еурокубок бейсенбісінде 18 жастағы Шерхан Қалмырзаның бағы жанды. Мансабындағы бар-жоғы екінші кездесуінде ЧЛ-дің тұрақты «ойыншысы» португал клубына қарсы тұрды. Жай тұрған жоқ,

«шыбық» шағында пенальти қайтарып, қазақтан да болашақта Буффондай қақпашы шығуы мүмкін екенін көрсетті. Мына қызықты қараңыз, іріктеу кезеңінде «Слованға» қарсы кездесуде клубтың бірінші қақпашысы Заруцкий ерледі. Плей-оффта «Селтиктің» үш пенальтиін бірдей қағып Анарбековтің есімі Алматы аспанында жаңғырды. Енді осы «дәстүрді» команданың үшінші қақпашысы жалғап, әлем назарын өзіне аударды. Оған матч аяқталғанда «Спортинг» жанкүйерлерінің Шерханға құрмет көрсетіп, ұзақ қол соғып тұрғаны дәлел. Оған Тринканның өзі Қалмырзаға келіп, «еңсең түспесін» дегендей арқасынан қаққанын қосыңыз. Бірқатар әлемдік басылымның қазақ баласы туралы ақпарат таратқаны тағы бар.

Мысалы, Албанияның Times Union басылымы Шерхан Қалмырзаның дебюттік матчында пенальти тосқанына таңдай қаққан. Атакты Transfermarket сайты кәсіби мансабында 77 минут өткізген («Ақтөбемен» ойында алаңға шыққанын айтып тұр) жігіттің Лиссабонға жай келмегенін жазған. 7 мың шақырымды артқа тастап, дебют жасап, жұлдызды сәті туғанын тарқатқан. Үндістан басылымы да Қалмырзаның ЧЛ-дегі дебют ойынында пенальти қағып алған әлемдегі ең жас екінші ойыншы екенін, матчта басқа да соққыны қабылдағанын атап өткен. Бұдан да басқа басылым ақпарат жариялап, оның кәсіби мансабындағы небәрі екінші кездесуінде осындай өнер көрсеткенін, жілік майы толысқан тұста қандай боларын жіті қадағаларын қосқан.

Ал қақпашының өзі төрт гол жібергеніне қынжылып, ойыннан соң жанкүйерлерден кешірім сұраймын, басқа айтар сөзім жоқ. Мұндай деңгейде бірінші рет ойнадым. Бірақ бұл маған сылтау болмауы керек» деді. Пенальти қайтарғанда керемет сезімге бөленгенін, мұнымен матч бітпейтінін, алда қиын боларын білгенін жеткізген. Дегенмен кәсіби мансабын жаңа бастаған ойыншыны сөгудің жөні жоқ. Ол Лиссабон төрінде жасындай жарқылдады, қазақ футболының өркен жайғанын, «Қайрат» академиясында талантты балалар барын көрсетті. Көрсетті де, іштей «әлі-ак қайта ораламын, мен шығар белес басқа, күт мені Еуропа» деді.

**AMANAT**
MEDIA GROUP**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыМадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынбай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баияр ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102**ЖАРНАМА БӨЛІМЕ:**
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМЕ:**
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді**ТАРАЛЫМЫ: 40 000****Тапсырыс №4644**Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,